

Жаңа өндіріс – жаңа мүмкіндік



Жұмбағы көп өмірдің түсінбеген..



«Бал-ZERE»-нің тәтті әлемі



# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/


СЕНБІ, 3 АҚПАН, 2024 ЖЫЛ №14 (23 336)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## Экономикадағы бағыт пен бағдар

«Үкімет экономиканы басқарудың тың тәсілдерін қолдана алса, жаңа айтылған жақсы бол-жамдар ақиқатқа айналады», – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында. Әлбетте, әр елдің әлеуеті қазынасының қауқарына байланып жатады. Күн сәулесінің жылдамдығымен жарысқан бүгінгі зымыран заманымыздың талабы да артпаса, кемімеді. Бұл кезекте алдымен бейбіт жұрттымыздың қамбасы толық, несібесі артса екен деп тілеу қорлық білдіреміз ғой. Қамданған құр қалмайды. Ұлу жылы экономика, салық пен бизнес, әлеуметтік блок сынды іргелі салалардың бағытын саралап қою әр өркениетті халықтың байырғы қадірлі әдеті. Қош, «Орталықтың» дәстүрлі шолуына көшелік онда.

сақ, мәлімет кезең кезеңімен ұсынылмақ. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген тұлғалар және олардың жұбайлары тұрарындығы мәлімет тізбегі 2022 жыл қорытындысы негізінде алға тартылады. Биыл 1 қаңтар-



Реформа – өміршең өзгерістер

жылдың қорытындысы бойынша мәлімет жиынтықталмақ.

### Жұмыс берушінің міндетті – зейнетақы жарнасы

Биыл 1 қаңтардан бастап жұмыс беруші атаулының міндетті зейнетақы жарнасын кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда. МЗЖ шамасы осы жылдан бастап 2028 жылға таман жыл сайын 5%-ға дейін ұлғайтылып, әрбір қызметкердің ай сайынғы табысынан 15% мөлшерінде есептеледі.

– Бұл шара қазақстандықтардың жаңа буынын қолдауға бағытталған. Жас ұрпақтың зейнетақы мөлшері олардың зейнетақы аударымдарына тікелей байланысты болады. Мұндай зейнетақы үш компоненттен құралады. Мемлекеттен базалық зейнетақы, жинақтаушы зейнетақы – БЖЗҚ-ға өз аударымдары есебінен болса, шартты-жинақтаушы зейнетақы – жұмыс берушінің жарнасы есебінен. Реформа, әсіресе, ынтымақты өтілі жоқ (1998 жылға дейін) немесе ынтымақты жүйеде өтілі шамалы азаматтар үшін өзекті. Осылайша, әлемдік тәжірибені ескере отырып, азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру үшін мемлекеттің, жұмыс берушінің және қызметкердің қатысуымен ортақ жауапкершілік жүктелмек, – деп хабарлады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің оқілдері.

➤ 2-бет

• РЕСМИ

## Құжат қабылдау мерзімі ұзарды

Елімізде балаларды мектептерге қабылдау ережелеріне өзгерістер енгізілді. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, енді баланы 1-сыныпқа қабылдау үшін құжаттар өткізу мерзімі жаз соңына дейін ұзарған көрінеді.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Еске салсақ, бұған дейін. Мектепке құжат қабылдау мерзімі 1-ші сәуірден бастап, 1-ші тамызға дейін еді. Ал, қазір мектептер құжатты 30-шы тамызға дейін қабылдауға міндетті. Бұл ата-аналардың өтініші бойынша өзгерген заңнама екенін еске салған жөн.

Сондай-ақ, министрлік мәліметінше, қазіргі уақытта мектептен мектепке ауысуға тек мереке күндері ғана шектеу қойылған. Қалған күндері оқушы ата-анасы баласын кез келген мектепке оқытуға құқылы.

Сонымен қатар, 15 тамыз бен 31 тамыз аралығында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына түсу мерзімі 25 тамызда аяқталатындықтан, оныңшы сыныпта оқитындар үшін өтінім қабылдау мерзімі өзгертілді.

«Колледждерге оқуға түспеген студенттер мектептің 10 және 11 сыныптарында оқуын еркін жалғастыру мүмкіндігіне ие», – деп атап өтті ведомство.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

### Жалпыға бірдей декларациялауды үшінші кезеңі

2024 жыл дегенде есігімізден екпіндеп енген «табысты декларациялау», «мобильді аударымдарды салықтық бақылау», «әлеуметтік арнайы төлемдер», «Ұлттық қор – балаларға» деген сөйлем тіркестері санаға орнығып үлгергендей. Орныққаны – орныққан. Бірақ, байыбына барсақ, астарында тұтас республика экономикасын біріздендіру саясаты тұрғанын аңғару саналы адамға қиындық тудырмайды. Алғашқысына қайырылып қойсақ.

Үшінші кезең декларацияны кәсіпкерлер, сондай-ақ, олардың жұбайлары ұсынуын міндеттейді. Науқан 2021 жылы басталған. Мақсаты – жеке тұлғалардың кірістерін бақылаудың тиімді тетіктерін құру. Демек, экономиканың еңсесін көтеріп, көлеңкелі айналымды барынша кеміту. Бұған дейін өткізілген екі кезең мемлекеттік қызметшілер мен оған теңестірілген тұлғаларға, квази-мемлекеттік сектор қызметкерлері мен жұбайларына қатысты болған. Оның аясында барлығы 2,6 млн. адам қамтылды.

Ал, декларацияны тапсыру тәртібі, ұсыну мерзімі, жауапкершілігі һақында басылымның өткен сандарында егжей-тегжейлі жазған едік. Осылайша, 2025 жылға қа-



рай 13 миллионнан астам адамның табысты декларацияланады деген меже бар.

### Мобильді аударым бойынша салықтық бақылау

Қаңтар айында бұл тақырып қарағандылықтар ғана емес, тұтас республика тұрғындары арасында резонанс тудырды. Анығында былай болған. Өткен жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер коми-

теті банк атаулысынан есеп-шотқа кәсіпкерлік қызметпен байланысты қаражат түсетін азаматтар туралы мәліметтерді жиынтықтай бастады. Оны жүзеге асыру белгілерін анықтаудың бас критерийі – жеке тұлғаның қатарынан үш ай аясында түрлі тұлғалардан шотына ай сайын 100-ден астам аударым түсімі. Бұл кешенді реформа да астыртын табыс тапқысы келетіндерге тосқауыл екендігі айқын.

Алынар ақпаратқа оралар бол-

дан бастап – мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары тұрарындығы мәлімет беріледі. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалар және олардың жұбайлары бойынша ақпарат 2024 жылдың қорытындысы негізінде ұсынылады. Ал, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – халықтың қалған бөлігінің 2025

• ӘЛЕУМЕТ

## Жұмыссыздар саны азайды

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында 50 жастан асқан 15 166 адам «Күміс жас» жобасы аясында жұмысқа орналасты.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәлімдеуінше, 2023 жылы 14 295 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған. «Күміс жас» жобасы бойынша жұмысқа орналасқандардың басым көпшілігі Түркістан (2103 адам), Қызылорда (1121 адам), Алматы (1099 адам), Қарағанды (1092 адам) және Ақтөбе (1056 адам) облыстарында байқалды.

– Жұмыстың бірінші жылындағы субсидиялар мөлшері жалақы мөлшерінің 70%-ын, жұмыстың екінші жылында – 65%-ын, жұмыстың үшінші жылында – 60%-ын құрайды. «Күміс жас» жобасына қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс беруші зейнеткерлік жасқа толмаған адамды кемінде 1 жыл мерзімге, сондай-ақ зейнеталды жастағы азаматты зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмыспен қамтуға міндетті, – дейді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, халықты жұмыспен қамту департаментінің директоры Асқар Ниязов.

Еңбек мобильділігі орталығы жобаны қаржыландыруды жұмыссыздарға еңбекке тәуелге жұмсаған шығындардың бір бөлігін өтеуге субсидиялау арқылы жүзеге асырады.

Жобаға 50 жастан асқан және зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыссыз азаматтар қатыса алады. Ол үшін мансап орталығына өтініш беру қажет.

• ӘН ДҮЛДҮЛІ ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

## Елебеков есімі берілсе...

Өткен ғасырдың соңынан бері Үкімет шешімімен Қарқаралы ауданының құрамына енген Егіндібұлақ өңірінен небір сөз майталмандары мен ән-күй өнерінің иелері, ұлт мақтаныштары шықты. Қазақ елі ресейлік империяның боданы болып, «мал бағудан өзгені білмейтін көшпенді ел» атанған замандарда сол қымбат есімдерді де, олардың асыл өнерін де мақтанышпен атай алмай, мұрасын ғана алтындай сақтапты.

Мәселен, асқан күйші Тәттімбеттің атын сталиндік қаһардан қорқып қалған басшыларымыз (Тәттімбет Қазанғапұлы XIX ғасырда волостной управитель болған, байдың тұқымы, ақ патшаның алдында өнері қошеметтелген, т.с.с.) бертінге дейін оның атына құрмет танытпаған, ұрпақтарын сыртқа тепкен, ал, қырыққа тарта шығармасы домбырашыдан домбырашыға жоғалмай жеткен. Тәттекең ұрпақтары сөйтіп XX ғасырдың 70-жылдарына дейін өз ата-бабасының еліне жолай алмай, облыстан жырақта, Алматы жақта елеусіз ғана қызметте жүріп, елді мүлде өгейсіп кетті.

Сол Тәттімбет атын Еркін Мұқажанов деген егіндібұлақтық музыкант шығарды. ҚарПИ-дің музыка факультетін бітіріп келген ол 1972 жылы аупарткомның идеологиялық хатшысының пәрменімен аудан көлеміндегі тәттімбетші-домбырашыларды сол жылы ғана пайдалануға берілген еңселі, жаңаша сәулет үлгісімен салынған Егіндібұлақ аудандық Мәдениет сарайына жинап, үлкен үйірме құрды. 1973 жылы балалардың жетіжылдық музыка мектебінің ашылуына мұрындық бола жүріп, оған жұртшылық мақұлдауымен Халық әртісі әнші Жүсіпбек Елебековтің атын бергізіп, жаңағы «самородок» домбырашылар қатарын баяншы, мандолишы мамандармен, музыка мектебінің домбырашы, кобызшы педагогтарымен «байытып», «Тәттімбет атындағы» деп жария-



лап тұрып, өзі құрған оркестрдің тұңғыш концертін сахнаға шығарған еді.

Сол шалғай аудан оркестрі талай жерде орындаушылық шеберлігімен көрініп, грамота, дипломдары иелене жүріп, 1979 жылы Алматыда өткен көркемөнерпаздар

ұжымдары байқауында «Тәттімбет атындағы ұлт-аспаптар Халықтық Оркестрі» атағын алды да қойды! (қараңыз: «Қазақ КСР Қысқаша энциклопедиясы, 1991 ж. 4-том, «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы, 1990 ж.)

Жиырма жылдай уақыт ішінде халықтық ұжым музыка мектебі оқушыларының, қаладан келген музыканттар қатарынан мейлінше нығайды, шетелдерге шықты (Голландияда, ГДР-да этнофольклор фестивальдеріне қатысты). Бұл жалғандағы Еркін Мұқажановтың тұңғыш инсульттан үзілген 1995 жылдың аяғында Егіндібұлақ ауданы таратылып, оркестр орнында інісі Өсет Мұқажанов жүргізген «Балқантау сазы» этно-ансамблі қалды.

Жоғалтқанымыздың есесіне, Арқалық совхозы «Тәттімбет атындағы ауылдық округ» атымен қайта құрылды. Қарағанды облыстық музыка училищесі «Тәттімбет атындағы өнер колледжі болып» қайта құрылды (директоры – марқұм Е.Мұқажанов музыкалық мектептен тәрбиеленген, оркестрінде ойнаған Б.Ермұханбетов), облыстағы академиялық ұлт аспаптар оркестріне де сол жылы Тәттімбеттің аты берілді.

Енді мақала тақырыбына қатысты жайт – Егіндібұлақ елі көптен бері көтеріп келе жатқан өңгімеге келейік. Өлі күнге орнына келмей тұрған мәселені қайтадан қозғаудың сәті жана 2024 жылдың кірісінде түсіп отыр: облыстық газетіміздің биылғы 4 қаңтардағы нөмірінде журналист Ерік Нарынның «Ән дүлдүлі Жүсіпбек Елебековтің туғанына – 120 жыл» айдарымен берілген «Рухтың шоғын үрлеген» мақаласы жарық көрісімен, бізден де дегбір қашты. Неге десеніздер, бұл шағын материалда ұлттың ән өнеріне зор еңбек сіңірген қайраткер туралы ғажап айтылған екен. «Ұлтты 70 жыл бойы бодандықта ұстаған Кеңес үкіметі...әуелі қазақты аттан түсірді, сосын күй мен әннен ажыратып, ұмыттырғысы келді. Тылсымның тілін түсінетін кіл қаймақты қырып тастады...» деген тебіреніспен бастапты мақаласын Ерік баурым!..

➤ 8-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 485.61

•USD/KZT 449.64

•RUB/KZT 4.98

•CNY/KZT 62.60

Қазақстан Ұлттық Банкінің 2 ақпан, 2024 жылғы дерегі бойынша



# Жаңа өндіріс – жаңа мүмкіндік



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Биыл Теміртау қаласында екі ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Жаңа өндірістер экономиканы әртараптандыруға бағытталған және қосымша жұмыс орындары құрылады. Шаһарды жылумен, сумен жабдықтауды жақсарту да кезек күттірмейтін мәселе болып қала бермек. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кеңесте Теміртауды дамытудың осы және басқа да мәселелері мен әлеуеті талқыланды.

Еліміздегі ең ірі металлургия орталықтарының бірі Теміртау қаласы экономикасының облыс құрылымындағы үлесі – шамамен 23%. Өнеркәсіптегі негізгі көлемді беретіндер қатарында да Теміртау бар. Барлық құрылымдардың қолдауының арқасында қала дамып келеді. Жылумен жабдықтау қызметтерінің сапасын жақсарту үшін 2022 жылдан бастап, қалада магистральдық жылу желілерін қайта құру және күрделі жөндеу жұмыстары белсенді жүргізілуде, – деп атап өтті Ермағанбет Қабулаулы.

Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков алдағы екі жыл-

лік қиын жағдайға тап болған адамдарға арналған мемлекеттік дағдарыс орталығымен бір ғимаратта орналасқан. Зардап шеккен әйелдер осында келіп, проблемасын айтып, қолдау ала алады.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Теміртауға жұмыс сапары кезінде аталған бөлімшеге де табан тіреді.

Жаңа бөлімше дағдарыс орталығымен мақсатты түрде біріктірілген. Мұнда пана тапқандардың ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары да бар. Олар «Осында және қазір» қағидаты бойынша көмек ала алады.

Дағдарыс орталығындағы-



да 135 жаңа жұмыс орын құрып, жалпы сомасы шамамен 6 млрд. теңгеге бірқатар ірі инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланғанын хабарлады. Атап айтқанда, Теміртауда кокс дирексил, полимер бұйымдары, үйлер салу үшін темірбетон конструкциялары өндірілмек. Аталған екі жаңа кәсіпорын биыл ашылады деп күтілуде.

Қала әкімінің айтуынша, қалада шағын өнеркәсіп аймағының жобасы әзірленіпті. Туризм саласында да жоспарлар жоқ емес. Компаниялардың бірі тау шаңғысы кешенін қайта құрумен айналысады.

Бұдан бөлек, Теміртауда жылу және су құбыры желілерін қайта жаңарту жалғасуда. Биыл ескі қала мен оң жағалау тұрғындары үшін жаңа электр желілерінің құрылысы басталмақ. Металлургия даңғылындағы автотол күрделі жөндеуден өтеді.

Кезекте тұрғандар сұранысын қамтамасыз ету үшін төрт көпқабатты үйдің құрылысын аяқтау қажет. Газдандыру жалғасуда. Биыл тағы үш кешеннің құрылысы басталады. Бұл тағы 1700 абонентті газға қосуға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік пен тәртіпті бақылау үшін қалада 500 бейнебақылау камерасы орнатылып, бақылау аймағына қысық контейнерлік алаңдары түседі.

Ермағанбет Қабулаулы Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығында инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, шағын және орта бизнесі дамыту, тұрғын үй құрылысы, әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша нақты міндеттер қойды. Қоғамдық көліктерде электрондық билет жүйесін енгізуді жеделдету қажеттігін, қаладағы балабақшаларда орын жетіспеушілігін, медициналық кадрлардың тапшылығын жоюды тапсырды.

Облыс әкімі жұмыс сапары барысында ЖЭО-2 мен ҚарМАЭС-ке барып, жылу беру маусымының қалай өткені туралы баяндаманы тыңдады. Қазірдің өзінде келесі маусымға дайындық үшін жөндеу науқандарын бекіту қажеттігін атап өтті. Қазіргі басшылығы биыл жетінші қазандық аяқталатынын растап, қазір құрылыс алаңында жұмыстар жанданғанын айтты.

Тағы бір жағымды жаңалық, Теміртауда әйелдер полиция бөлімшесі ашылды. Ол өмір-

дай, мұнда да ең жылы атмосфера құруға тырысыпты. Интерьер ашық түсті. Балалар бұрышы бар.

Учаскеде әйелдер ғана жұмыс істейді. Атап айтсақ, ювеналды полиция қызметкерлері, тергеушілер, жедел уәкілдер, көмектеге толмағандар ісі жөніндегі инспектор. Заңгерлер мен психологтардың көмегі де алуға болады.

– Әйел әйелді жақсы түсінеді. Қарым-қатынастың мүмкіндігінше сенімді болғанын қалаймыз. Күнделікті жағдайда дресс-кодмыз – іскерлік костюм. Бізге жүгінген әйелдер формадағы полиция қызметкерін көргенде іштей кедергі сезінбеуі керек, – дейді аға жедел уәкіл, майор Жәния Рахматулина.

Ал, дағдарыс орталығында қажетті әлеуметтік көмек, соның ішінде жұмыспен қамтып, қайта оқытумен қамтамасыз ету қарастырылған. Мұнда бір уақытта 50 отбасына дейін тұруға мүмкіндік бар.

Өмірлік қиын жағдайға тап болғандар мұнда бір жылға дейін өмір сүре алады. Күніне төрт рет тамақтану қарастырылған, арнайы асхана бар.

– Сіздер жасап жатқан барлық жұмыс – өте маңызды. Біз тұрмыстық зорлық-зомбылықты жойып, қиыншылыққа тап болған жандардың өмірін жақсы жағына өзгертуге көмектесуіміз керек, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Теміртау қаласы күннен-күнге дамып, өсіп-өркендеп келеді. Ондағы тарихи ошақтар мен демалыс орындары да жұртшылықтың сүйікті ордасына айналған. Металлургия шаһарында өндіріс орындарының ашылуы көз қуантады. Енді мұнда қосымша жұмыс орындары ашылып, елдің әл-ауқатының артуына септігін тигізбек.

Бұдан бөлек, әйелдер қызмет ететін полиция бөлімшесінің ашылуы қала тұрғындары үшін күтпеген тосын сый болды. Енді бөлімше елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қалтқысыз қызмет етеді деп сенеміз.

Дағдарыс орталығы Теміртау қаласы, Панфилов көшесі, 13 мекенжайында орналасқан.

Әділет ШОПЕН

ТЕМІРТАУ

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## Балқаш дамуында іркіліс жоқ

Балқаш қаласында 2027 жылға дейін шаһарды өркендетудің кешенді жоспары жүзеге асырылып жатыр. Тозығы жеткен су және жылу желілері мәселесін қала басшылығы кезек-кезеңімен шешуде. Былтыр жылу желілерінің бірінші және екінші кезегін қайта жаңарту аяқталып, Қоңырат кенті жылумен толық қамтылды. Қаладағы тоғыз көшенің су желілері ауыстырылған. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Балқашқа барып, бірқатар нысанды аралап, қаланы дамыту бағытында кеңес өткізді.

– Басты міндет – 2027 жылға дейін Балқашта 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орын құру. Шағын бизнесте жұмыспен қамтылғандар санын көбейту қажет. Екінші – су құбыры желілерінің тозуын 10%-ға дейін төмендету. Кешенді жоспарды іске асыру өткен жылы басталды. Магистральдық су құбырлары мен жылу желілері кең көлемде жөндеуде, олардың тозуы 80 және одан да көп пайызды құрады. Қалалық жағажай жағалауын абаттандыру басталды, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаевтың мәлімдеуінше, су құбыры желілерін қайта жаңартудың нәтижесі де көріне бастаған.

– Апат саны азайды. Жұмыстар биыл жалғасады, 25 шақырым желіні ауыстыру жоспарлануда. Жоба 2025 жылы аяқталуы тиіс. Балқаш-Тораңғылық магистральдық су құбырын салу жоспарда бар. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды, – деді Сапар Сатаев.

Басқа жобалар да назардан тыс қалмады. Әуежай ғимаратын қайта құру үшін құжаттаманы әзірлеу аяқталуға жақын. Биыл жермен жүру жолы һәм перронды қайта құру басталмақ.

Әлеуметтік саладағы атқарылған жұмыстар да тілге тиек етілді.

Балқашта жаңа балабақша салынып, орын тапшылығы мәселесін шешеді. Орталық ауруханаға күрделі жөндеу жүргізілген. Ал, келесі кадам – ангиографиялық операция бөлімін кеңейту. ЖСҚ әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жіберілген. Тораңғылық кентінде медициналық пункт салына-тынын да атап өткен жөн.



Сурет облыстық әкімдік сайтынан

«Қазакмыс» корпорациясы кәсіпорындарының және «KAZ GREEN ENERGY» ЖШС күн электр станциясының жұмысына қанық болды.

Бұдан бөлек, «Қазакмыс» компаниясының әлеуметтік жауапкершілік жоспарларымен танысты. Мәселен, биыл компания мәдени-

мониторинг жұмысы да тәулік бойы. Нақты уақыт режимінде жол қозғалысы ережелерін бұзу және басқа да заңсыз әрекеттер жіті бақылауда.

– Мысалы, рұқсат етілмеген кокыс үйінділері бойынша 24 ереже бұзушыны анықтадық. Ал, түрлі құқық бұзушылық бойынша



Сурет облыстық әкімдік сайтынан

ет үйін жөндеуге, ангар үлгісіндегі футбол алаңын және спорт кешенін салу мәселесін пысықтауға көмектеседі.

Енді Балқашта көшедегі тәртіп мұқият бақыланады. Өйткені, шаһарда қаңтар айында 24/7 режимінде жұмыс істейтін бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істей бастады. Оның басты мақсаты – тәртіпті қамтамасыз ету және қала әкімдігіне тұрғындардан келетін барлық хабарламаны өңдеу.

Аталған жаңалық – полиция мен әкімдіктің бірлескен жұмысының жемісі. Байланыс орталығы қалалық полиция басқармасының ғимаратына орналастырылмақ.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қалаға жұмыс сапары кезінде өңірдің полиция департаменті бастығының орынбасары Құрманғали Исмағұлұловпен бірге жаңадан ашылған орталықтың жұмысымен танысты.

Орталыққа қаланың барлық камералары шығарылды. Әзірге 10 маман жұмыс істейді. Олар әкімдіктің ресми ақпараттарына тұрғындардың өтініштері бойынша тәулік бойы әлеуметтік жалғарға мониторинг жүргізеді.

Мәселен, әлеуметтік мәселелер мен ТКШ мәселелері. Атап айтсақ, рұқсат етілмеген кокыс полигондары, ашық құдықтар, қаңғы-бас иттер және басқа да жайттар.

Бейнебақылау камераларына

жалпы 5 млн. теңгеге айыппұл салынды, – деді орталықтың жұмысына жауапты қала әкімінің кеңесшісі Анар Адамбекова.

Нақтырақ айтсақ, мұнда түскен барлық хабарлама өңделеді де, құзыретті органдар мен арнаулы қызметтерге жіберіледі.

Нақты уақыт режимінде егер қандай да бір құқық бұзушылықтар байқалса, онда полицияның кезекші тобы жылдам шығады. Егер коммуналдық мәселелер туындаса, оны әкімдік пысықтайды.

Аймақ басшысы сондай-ақ, жағалауды, Тораңғылық, Шұбар-түбектегі демалыс аймақтарын, қалаға кіреберіс пен шығар жолды бейнебақылауға алуды ұсынды. Туристтік маусымның қалада туристер мен қонақтардың ағыны көбейгенде заңдылық мәселелері бірінші орында тұруы қажеттігін тілге тиек етті.

Бұдан бөлек, облыс әкімі демалыс аймақтарының иелерімен де бұл мәселені пысықтауды тапсырды. Өйткені, олардың да өз камераларын бірыңғай орталыққа шығаруа мүмкіндігі бар.

– Бұл – жақсы бастама. Аталған тәжірибені облыс аумағындағы басқа да моноқалаларда кеңейтетін боламыз, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Өз тілшімізден

## Экономикадағы бағыт пен бағдар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салық кодексіне сәйкес, жүзеге асырылған МЗЖ төлеу бойынша шығыстары салық салынатын табыстан шегерімдерге жатқызылады.

### Бірыңғай жиынтық төлем

Бұл – бастапқыда дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін енгізілген төлем түрі. Бұл норманы жұмыссыздар мен тұрақты жұмыс істемейтін азаматтар, жүкті әйелдер де бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер алу үшін пайдаланды.

БЖТ – өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӨМС), әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелеріне тарту үшін қолданылған инструмент. Яғни, бұл төмен төлемдермен жеңілдік кезеңі болды. Естеріңізге сала кетейік, ай сайынғы БЖТ республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындары үшін бір айлық есептік көрсеткіштің (2023 жылы – 3450 теңге) және қалған елді мекендердің тұрғындары үшін 0,5 АЕК (2023 жылы – 1725 теңге) мөлшеріне тең болды.

Қазір жеке тұлғалардың табыстарын декларациялауды кезек-кезеңімен енгізу жүріп жатыр, онда табыс мөлшерін көрсету қажет. Бұрын кәсіпкерлік қызметті тіркемеген азаматтар ендігіде саналы түрде таңдау жасауы керек. Не кәсіпкер болу не болмаса, қыз-

меткер болу.

Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда тиісті салық режимін таңдау қажет. Мемлекеттік кірістер комитеті жеке қызмет көрсету кезінде E-salu business қосымшасын пайдалана отырып, салық режимін ұсынады. Бұл сізге түбіртек беруге, кәсіпкер үшін салықтар мен төлемдерді есептеуге мүмкіндік береді, ал декларация ұсынымайды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға келетін болсақ, 2024 жылы сақтандырылған мәртебесін жоғалтпау үшін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркеле алады немесе журналдарды дербес төлеушілер ретінде төлей алады.

Арнайы әлеуметтік төлем

2024 жылғы 1 қаңтарынан Қазақстанда 55 жастан бастап, зейнеткерлік жасқа толғанға дейін зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істейтін азаматтарға арнайы әлеуметтік төлем (АӨТ) төленетін болады. Оны тағайындаудың міндетті шарттары: 55 жасқа толу және БЖЗҚ-да кемінде жеті жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) болуы. АӨТ алу үшін зиянды еңбек жағдайларымен жұмыстан шығу шарт болады. Яғни, жұмысшылар басқа жұмысқа ауыса алады (жалақы мен төлем алады) немесе демалысқа шығып, зейнетақы тағайындалғанға дейін төлем ала алады.

Арнайы төлемдер бірнеше компоненттерден тұрады және төрт көзден жүзеге асырылады. Республикалық бюджеттен ең

төменгі күнкөріс деңгейі екі еселенген мөлшерінде арнайы кәсіптік жәрдемақы. Өмірді сақтаңдыру компаниялары. Жұмыс берушілердің қаражаты, БЖЗҚ-дан МКЗЖ есебінен. Бұдан басқа, қызметкерлерге БЖЗҚ-дан қолда бар Зейнетақы жинақтарын ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен төлемдер алу құқығы беріледі.

### Қарағанды қарқыны

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары дегенде алдымен халықтың әл-ауқатын арттыру міндеті, моно және шағын қаладағы инфрақұрылым, экономикалық нақты саласын дамыту мәселелері қылаңытады. Аймақтың жалпы өңірлік өнімінің нақты көлем индексінің орташа жылдық өсу қарқыны 2024 жылы 102,5% деңгейінде болжанауда.

– Өңірдің негізгі капиталына 2022 жылғы деңгейге қарағанда 12,2% өсіммен 854 млрд. теңгеден астам инвестиция салынды. Мұндай өсудің ынталандырушы факторы инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру болды. Өнеркәсіп, көлік және қоймалау, сондай-ақ, жылжымайтын мүлікпен операциялар (тұрғын үй құрылысы), ауыл шаруашылығы инвестициялар үшін тартымды болып қала береді, – деп хабарлады салалық басқарма басшысы Татьяна Аблаева.

Осы жылы өндірісті өңір өзінің экономикалық базасын нығайтып, өзгертпелі жаһандық трендтерге бейімделе отырып, серпінді дамуға ұмтылады. Аймақтың бай

табиғи ресурстарын ескере отырып, көмір мен металл өндірудің тиімділігін арттыруға баса назар аударылады. Қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында өндірудің жаңа технологиялары мен тәсілдерін енгізу де өзектілігін жоймақ емес. Өнімділік пен бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындарды жаңғырту бағдарламасын жоспарлы негізде жалғастырып, өндірістерді технологиялық жаңартуға және цифрландыруға инвестицияларды ынталандыру көзделді. Аймақтың экономикалық байланысын берік нығайту жолында көлік маршруттары мен логистиканы жақсартуға баса назар аударылады. Жолдар мен темір жолдарды салу және жаңғырту жөніндегі жобаларды лайықты дәрежеде іске асыру. Жеңілдіктерді, қаржылық қолдауды және оқытуды қоса алғанда, шағын және орта бизнесті дамытуға ынталандыру. Инновациялық стартаптар мен кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу. Өндірісте және тұрғын үй құрылысында энергия үнемдеу технологияларын енгізу. Дәстүрлі көздерге тәуелділікті азайту үшін жанартылған энергияны дамыту. Инновацияларды, электрондық сауданы және қашықтан жұмыс істеуді қолдау үшін цифрлық инфрақұрылымды нығайту. Цифрлық білім беру және медициналық сервистерді дамыту. Бұл бағыттар өңірдің орнықты және инклюзивті дамуына ықпал ете отырып, атаулы жылы Қарағанды облысының экономикалық өсуінің катализаторы болады деп күтілуде.

• ДІН МЕН ДІЛ

# Орамалсыз оқи берші, құлыным!

Тұлымшағы желбіреп жүгіретін жастағы оқушы қыздардың «орамал дауына» тағы бір айналып соққанды жөн көрдік. Себебі, бұл тақырып өз еліміздің шегінен шығып, BBC NEWS компаниясының орысша жаңалықтар қызметінен таралды. Қазақстанның ішкі ісін әлемге жариялап, сүйіншілеген бұл қызметтің түпкі мақсаты әзірге айқын емес. Тек мақала авторы мәселені бір ғана қырынан, яғни, оқушылардың орамал тағуын жақтаған, Қазақстан Республикасы Конституциясының бетін ашып көрмеген жанның көзқарасымен жазған...

Бұл өзі осыдан тура сегіз жыл бұрын сол кездегі Білім және ғылым министрі А.Сәріпжолдасов қол қойған «Орта білім беру ұйымдарында мектеп формасына қойылатын талаптар» бұйрығынан басталған жыр еді. Осы құжаттың 13-тармағында: «Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды», – деп жазылды. Бұйрықтың негізінде еліміздегі барлық мектептер өз жарғыларын өзгертті. Мектеп оқушылары бірдей үлгіде киінуі тиіс. Министр мұндай бұйрықты бекерден жарияламаса керек. Сол 2016 жылғы деректерге сүйенсек, республика бойынша мың жарымдай қыз бала мектептегі сабағына оранып, тұмшаланып баратынды шығарған.

Оған қандай да бір тосқауыл қоймағанда осы күндері қаршалай қыздарымыздың жүзін көруден қалар ма едік. Діни сенім өз алдына, әр нәрсеге еліктегіш балалар мен жасөспірімдер арасында бұл үрдіс сәнге айналып кетуі де ғажап емес еді ғой.

## Орамалдан «от шықты»

Қарағандыдағы Назарбаев зияткерлік мектебіне бытыр күзде жетінші сыныптан бастап оқуға кірген қыз мектеп формасын сақтаудан бас тартқаны үшін мектептен шығарылды. Бұл оқушы қызға да, оның ата-анасына да заңды талап қанша түсіндірілгенімен, олар оны орындаудан бас тартты. 2023 жылдың күзінде бір ғана Қарағанды қаласында осындай оңдаған қыз баланың ата-аналарына қарасты өз міндеттерін дұрыс атқармағаны үшін әкімшілік істер қаралған. Орамалын шешуден бас тартқан қыздар 1 қыркүйектегі алғашқы қоңырау салтанатына қатысқанымен, 4 қыркүйекте басталған сабақтарға жіберілмеді. Білім саласының мамандарына дін өкілдерін ертіп, үй-үйді аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізуіне де тура келген. Соның нәтижесінде орамал таққыш қыздар мен олардың ата-аналарының басым бөлігі ақылға келіп, біркелкі киіну талабын орындады.

Өйтсе де, біраз ата-аналар араға адвокаттарын салып, «Мектеп басшылары министрдің бұйрығын азаматтардың мемлекеттік мекемелерде тегін білім алуына кепілдік берген Конституциядан жоғары қойды»; «Бұл мәселе министрдің бұйрығымен емес, «Білім туралы» Заң бойынша шешілуі керек» деп шу шығарды. Жан-жаққа арыз айдап, оқу-ағарту министрлігі мен прокуратура, полиция органдарының табалдырығын тоздырды.

Әбден ушығуға айналған мәселе Мемлекет басшысына дейін жетті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бытыр 5 қазанда өткен педагогтар съезінде сөйлеген сөзінде: «Мектеп – ең алдымен, білім ордасы. Балалар мектепке білім алу үшін барады. Ал діни ұстаным – әр азаматтың жеке мәселесі, өз таңдауы. Елімізде дін бостандығына заңмен кепілдік берілген. Балаларымыз өз таңдауын есейіп, дүниетанымы толық қалыптасқан соң жасағаны дұрыс деп санаймын»,



Сурет: Islam.kz сайтынан

– деді. Ел Президенті мәселеге осылайша нүкте қойғандай еді. Жок, өз ісін оң санаған «орамалшылар» сонда да қояр болмады. Орамалдың дінге қатысы жоқ, әшейін киім түрі деп те түлкібұлаңға салып көрді. Мектеп ішінде ешқандай басқиммен жүруге болмайтынын түсінгілері жоқ. Әрине, егер қыз бала орамалды басының жаракатына немесе басқадай кемпілігіне орай тақса, өзара келісім жасалар ма еді.? Бірақ, олай емес, бар гөп олардың діни ұстанымында болып тұр ғой. Қарағандылық кейбір ата-ана қайта-қайта сотқа жүгініп, мектепке орамалмен кіргізбейтін ережелерді жоюды, қызын мектепке орамалмен қайта қабылдауды, оның үстіне моральдық шығынның төлетуді талап етіп жүр. Болмаса, баламды онлайн жүйемен оқытсын деген ақылға сыймайтын ұсыныстары да бар. «Күңге күле қарасаң, көйлегіне жамау сұрайды» деген мәтел еріксіз еске түседі... Он екі мүшесі сау оқушыларды қашықтан оқыту артық шығын,

қосымша әуре ғана емес, сапасыз да болатынын қалай түсінбейді?! Өткен жылдардағы ковид карантиндерінде лажсыздан жүргізілген онлайн оқулар талай шәкірттің білімін ақсатып тастаған жоқ па...

## Заңды білмеу жауапкершіліктен құтқармайды

Негізі, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі 409-бабының 2-тармақшасына сәйкес, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдерінің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамағаны үшін оларға ескерту жақсалады немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Ал, «Білім туралы» Заңның 47-бабына сәйкес, «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген мектеп формасына қойылатын

талаптарды сақтауға міндетті». Мемлекет мектепте қандай да болсын дін жолын ұстанушының қалағанына қарамай жол бере алмайды. Форма дегеніміз жай киім ғана емес, ол – үлкен тәрбие, оқушылардың психологиясын теңестіреді, тұрмыс деңгейі әртүрлі балалардың арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің алдын алады. Сондықтан, оқушылардың бәрине ортақ бір киім үлгісінің болғаны абзал.

«Заңды білмеу жауапкершіліктен құтқармайды» деген жазылмаған қағида бар. Мектеп әкімшіліктері формалық киім үл-

шемен, қымбат әшекейлермен келетін қыздарды тыймайсындар ма?», – деп уәженетін кісілер бар. Бұл орынды. Мектептегі тәртіп тек орамалмен шектелмейді. Педагогтар қауымы жаңағы айтылған тәртізді өзге келеңсіздіктерді де қатаң бақылауда ұстап, тиісінше шара қолданады.

## Қазақ қызы тұлымын жасырмайды

Қызын мектепке бірінші сыныптан бастап орамалмен апарғысы келетін ата-аналар да бар. Осы орайда қазақ келіндерінің эталонына айналған апамыз Зейнеп Ахметованың «Күретамыр» кітабынан үзінді келтіргім келеді. «Тұлым шаш қыздарды наздандырып, бұла етіп көрсетеді. Шырайына сән беріп, ажарландырып тұрады. Қазақ қыздарының тұлымы ұзатылар кезде жиналып, бұрымына қосылып өріледі.

Бұл – әке үйінің оң жағындағы қыз дәуренмен, ерке өмірмен қоштасудың бір белгісі. Тұлым шаш қою кәмпашт бөрікесі, үкілі тақияға, шашақты қасаба, моншақты сораба секілді басқимдерге келісіп-ақ тұрады. Ал, ендігі жерде қалыңдық ұзатылады, мұндай қыз киімдері әке үйінде қалады.

Ол бір жігітке жар, бір елге келіп болып, неке қиярда, беташарда сәукеле киеді». Қандай ғажап! Міне, нағыз қазақи дәстүр мен нағыз ұлттық тәрбиенің үлгісі. Біздің қазақ қызының тұлымын ешқашан жасырып, тұмшаламаған. Үлкендер намазын тығылып оқып, ораны жасырын ұстаған заманды да көрдік. Оның қасында, оқушы қызыма орамал тақтырмады деп қығылық салу күлкілі нәрсе. Елімізде мындаған мешіттер мен шіркеулер бар. Егер дінге шектеу қойылса, сондай еркіндік берілер ме еді? Білік қайта дәстүрлі діндерді дамытуға ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан қолдау көрсетіп келеді.

## Діни басқарманың пәтуасы қандай?

Осы мектептегі орамал мәселесі туындаған уақытта Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы да үнсіз қалған жоқ. Дін басыларымыздың пәтуа сөзі ҚМДБ-ның сайтында тұр. «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздегі мұсылман қыз-келіншектер мен әйелдерді киім кию үлгісінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін сақтай отырып, жинақы киінуге кеңес береді, – делінген онда. – Ал паранжа (никаб) киюдің салтымызда болмаған, басқа елдің үлгісі екенін де ерекше атап өткеніміз жөн. Ислам шариғатында қыз баланың балиғатқа толуын тоғыз жаспен шектеу дұрыс емес. Мұсылман ғалымдары қыз балалардың физиологиялық ерекшелік-

теріне сай, көпшіліктің жағдайын назарға ала отырып, он бес жаспен шектеген.

Ислам діні балиғат жасына толмаған, санасы толық қалыптасып үлгермеген, орамал тағудың түпкі мәні мен маңызын, үкімін түсінбейтін кішкентай қыз балаға орамал тағуды міндеттемейді. Әрбір мұсылман қыз бала орамалдың қадір-қасиетін терең түсініп, жауапкершілігін саналы түрде сезініп, Алланың әмірін өз еркімен орындауы – басты мақсат. Мектеп табалдырығын енді ғана атаған бұлдіршінді жаулық жабуға мәжбүрлеуден бұрын оған ең әуелі білім мен тәрбие берген абзал. Бұл – ата-ананың басты міндеті.

Алла Тағала күллі адамзат баласына иманды болуды әрі білім алуды әмір еткен. Құран Кәрімнің ең алғаш түскен аятының өзі «Оқы!» деген бұйрықпен басталуы ерекше назар аударарлық. Мектеп жасындағы баланы имандылыққа баулып, білім үйрету – әрбір адамның азаматтық әрі мұсылмандық борышы. Діни һәм зайырлы білім алу – жарқын болашақтың кілті.

Біз мұсылман жамағаты мен ата-аналарды оқу орындары мектеп оқушыларының киім үлгісіне қатысты қоятын талаптарына түсіністіктен және сабырлықпен қарауға шақырамыз. Бұл мәселені ушықтыру дұрыс емес. Өйткені, елімізде орамалға түбегейлі тыйым салынбағанын түсінуіміз керек. Орта мектептерде киім үлгісін бірізділікке түсіру мақсатында ғана осындай шешім қабылданған. Білімсіздік бүлікке бастайтын ұмытпайық. Сондықтан, қыз баланың толыққанды зайырлы білім алуын ата-аналары еліміздің заңнамасы талаптары шеңберінде қамтамасыз еткендері жөн».

\*\*\*

Солай, құрметті ата-ана, қадірлі оқырман. Оң-солын танып үлгермеген ұл-қыздарымыздың санасын қолдан жасап, әсіресе діни сенім мәселесінде өз дегенімізді тықпалауды азайтайық. Алдымен бойы мен ойын жетілдіріп алыңыз. Жақсы мен жаманды анық айыра алатын жасқа жетесіз. Балалық бал дәуренін, алаңсыз жаз дәуренін шектеп, қиянат жасамайық. Бүгінгі қоғамда жат ағымдардың ықпалына түсіп, жапа шеккендерді көріп жүрміз. Санасы ұланған ұрпақты құтқарып, қатарға қайта қосу көп ретте мүмкін емес. Қыршын жастардың біреу асыл десе асылып, жарыл десе жарылып жатқанын да жиі естиміз. Құдай бетін аулақ қылсын. Құлындарымыз орамалсыз да оқыған, тоқыған, иманды, ибалы тұлға болады, оларға ең алдымен білім керек. Сондықтан, ақылға келейік; өнбес дауды қуғанды қойып, осы жерден доғарайық, ағайын...

Болатбек ҚАУЫСОВ,  
журналист

• ИМАНДЫЛЫҚ

# Ислам дәстүрді дәріптейді

Жақында «Достық» үйінде облыс имамдары бас қосып, биылғы жылдың жұмыс жоспарын пысықтады. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы биылғы жылды «Ислам және дәстүр құндылығы» жылы деп жариялады. Алқалы жиналудағы әңгіме осы тақырып төңірегінде өрбіді.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Рухани іс-шараға облыстық дін істері басқармасының бас-

шысы Жанболат Сектай, ҚМДБ-ның Қарағанды облысындағы өкіл имамы Естай Айтұғанұлы және қала, аудан, ауыл имамдары, мешіт ұстаздары қатысып,

«Ислам және дәстүр құндылығы» жылы атқарылатын жұмыс жоспарымен танысты.

Облыстағы бас имам Естай Айтұғанұлы жуырда Астана қаласында өткен ҚМДБ-ның 2024 жылға арналған жылдық жұмыс жоспарына байланысты Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бағдарлық баяндамасында бекіткен тапсырмаларын имамдарға кеңінен таныстырып, нақты тапсырмалар жүктелді.

– Дәстүрлі исламды дәріптеу мемлекет деңгейінде жақсы көтеріліп келе жатыр. Дін мен дәстүріміздің ғылыми-теориялық негізін дамыту да әрқашан өзекті. Бас Хазіретіміз сол себепті биылғы жылды «Ислам және дәстүр құндылығы» жылы деп жариялау туралы шешім қабылдады. Бұл бастама ата-бабаларымыздың сан ғасырдан бері ұстанып келген діни жолын, төл мәзһабын, ұлттық құндылықты, қазақы болмысымызды дәріптейді. Сондықтан, қадірменді имамдар, ұс-



таздар осы бағытта барынша бірлесіп, жұмыс атқарайық, – деді бас имам.

Сонымен қатар, бес бағыттың жұмысын қарқынды атқару, діни басқарманың тапсырмаларын уақытылы орындау, бес бағыт бойынша есеп беру, дін мен дәстүрдің байланысын барынша насихаттау, жамағатпен жұмысты жаңаша бағытта үйлестіру секілді жұмыстар пысықталды.

Жиын соңында белсенді жұ-

мыс атқарған имамдар Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының Алғыс хатымен марапатталды.

Жақында «Ислам және дәстүр құндылығы» жылына орай алғашқы іс-шарада өтті. Облыс имамдары арасында ұлттық спорт турнирінен турнир тартысты өтті.

Қарағанды қаласындағы «Қайрат» спорт кешенінде өткен додада дін қызметкерлері он командаға бөлініп, дәстүрлі садақ ату, асық ату, арқан тарту, ләңгі

тебу ойындары бойынша бақ сынасты.

Мұндағы мақсат белгілі – ұлттық спортты имамдардың, ұстаздардың өмір салтына айналдыру.

«Алдағы уақытта осы секілді дәстүрге, ұлттық болмысымызға сай рухани іс-шаралар жалғасын табады» дейді дін қызметкерлері.

Сурет  
ұйымдастырушылардікі





Ақын Абзал Бөкен – 75 жаста

# Қарлығаш хаттардан

**Жүрсін ЕРМАН,**  
... Абзалдың тынысын танытып, нақышын айғақтайтын қолтаңбасын оқырман аңғару үшін осы «Тәж» деген кітапты толық көшіріп беруім керек. Өйткені, осындағы толғаулар, балладалар, поэмалардың әрқайсысы бір-бір жарау кітаптың жүгін арқалап тұрғаны күмәнсіз. Бұған дейін «Гасыр канатында», «Сүмбіле», «Салбырың», «Төр», «Шын» секілді үлкен-кішілі кітаптары арқылы өлең өлкесіне бойлай сніп, өнерін орнықтырған А. Бөкен осы «Тәж» арқылы бүкіл ақындық болмысын танытып, бауырын жазған. Құлашын кеңге сілтеген. Ойлар да күрделі, шеберлік те шаңдаулы.

\*\*\*

**Серік НЕГИМОВ,**  
... Өнер биігіне құлаш сермеген балауса ақын Абзал Бөкен жырлары бірсыдырғы айқын, өрнекті тілімен, жарқын бояуларымен, образды ойымен өзгешеленді:

Күн-мейрім жайлап алып көгімді,  
Күміс кірпік төгілді-ай кеп, төгілді.  
Сол-ақ екен іріп кетіп ақ көрпе,  
Тігісінен бой-бой болып сөгілді.  
(«Көктем келбеті»)

Күн жылуының күміс кірпіктер арқылы таралуында, қарлы дала – ақ көрпенің іріп кетуінде образды мағына, өзінше өрнекпен бейнелеу бар.

Ойлар, ойлар...  
Осы әлемді ой басқан  
Сеземін мен, кеземін мен тоймастан.  
Асфальт жолды ойландырып

бір тал шөп,  
Бұзып-жарып келе жатыр қоймастан,  
– деген шумақтағы ақынның шынайы тілегі – ақыл-ой дүниесін армансыз аралау, құмарын қандыру, қызығына кенелу. Бұл ойын тасты жарып шыққан бір тал шөппен, әрі қарай осы өлеңде дауылға мизбақпайтын, қасарысқан қайсар өрменді жеңер ыңғайы бар өрімталмен ассоциациялық тұрғыда байланыстыруы дәлелді, тартымды шыққан.

(«Лениншіл жас», 15 апрель, 1980 жыл)

\*\*\*


**ПӘТЕРСІЗ ЖАС АҚЫНҒА**  
(Абзал Бөкеннің қойын дәптеріне)  
Бұлттаншып, буырқанып күн кешесің,  
Шайқай да бермесенің мұң кесесің.  
Қу тірлік қимай жүрсе құжырасың,  
Саған да қияды әлі бір көшесің.

Қазақтың шарлай-шарлай қыр,  
даласың,  
Теніздей сапырасың мұң-наласың.  
Тіркемей жүрсе әзірге астанаға,  
Атына қояды әлі бір қаласың.

Мұзафар ӘЛІМБАЙ.  
(«Қазақ елі» газеті, 13.05.1996.)

\*\*\*

**Акселеу СЕЙДІМБЕКОВ:**  
... Бұл хатты жазуыма бір қуанышты жағдай себеп болып отыр.  
Сүйінші! Ат бөйгеден келді. Жетексіз, айдаусыз, айқай-сүренсіз тың көсіліп еркін жетті. Ол – сенің поэмаң. Бірінші орын ешкімге берілмеді. Екінші орынды Дәуітәлі Стамбеков еншіледі. Үшінші орынды сен



алдың. Сенің қанжығаға бөктерілер бөйге 400 сом. ...Бауырым, қолыңды қысымам. Өнер бәйгесінде жұлдызың онынан туа берсін.

Тоқырауың бойы әруақ қонған жер ғой,  
қос ұлы құйрық тістесіп аламан бәйгесінен  
келгенде, еріксіз қуанады екенсің.  
(30.11.77 ж.)

\*\*\*

**Жүсіп ҚЫДЫРОВ:**  
Абзал, «Саумал» атты жинағыңды оқып шыққам. Өлең жасай алатындығың емес, жаза алатындығың ұнады. Қазір бізде өлең жасағыштар көбірек екенін ескерсек, сенің бойыңдағы табиғи қасиет қуантады. Тек, құлашты кеңірек жазып, тереңірек тыныстау керек. Солай болады ғой деп сенем де.

... Редакция менгерушісі – белгілі ақын Әнуарбек Дүйсенбиев. Мен ол кісіге сенің қолжазбаң жайлы пікірімді айттым. ... 1979 жылға енерсің деген үміттемін. Оған дейін Әнекеңмен хабарлас.

(14.12.77 ж.)

\*\*\*

**Әнуарбек ДҮЙСЕНБИЕВ:**  
Қадірлі Абзал, жинағыңды оқып шығып «Тұңғыш» сериясына дайындап қойдым. Өлеңдерің өте ұнады. Сен өз бетің, өз бағыт-бағдарың қалыптасып қалған ақынсың. Енді «Алла алдыңнан жарылқасын» дейміз. Мен таңдап, талғап алдым. Алғашқы кітабы жарқ етіп жақсы шығуы – автор үшін басты шарт. Сол кітап, сол жақсы лебіз көпке дейін жетелейді. Өзің де шабыт, қуат беріп отырады. Мен сол жағын көздедім...

(1978)

\*\*\*

**Лияс МҰҚАЙ**

**ХАТ**

Абзал ағам

Хат жаздым қалам алып, Аға саған,  
Аман ба аппақ тәтем, бала-шағаң?!  
...Жыландай жиырылып жатып алды,  
Жолымда неге ана бір аласа адам?!

Хат жаздым, Аға өзіңе, қалам алып,  
Жақсыға жүрегімің адалы анық.  
Бастырмай өр кездемі жүрер шақта,  
Қасқырдай қалдым неге жараланып?!

Безерген қансыз-сөлсіз бет-өңдері,  
Ұстау ұяты кеммен бекер ме еді?..  
Кетілген Кемпірбайдай

кездерімде,

Көңілді Әсет\* те кеп көтермеді.

Жанымың жамыратқан көк өскінін,  
Керімсал күннің көбі елес бүгін.  
Мінгелі қылқұйрығың қызметтің,  
Досымда дос көп қазір деп естідім.

Қоғадай жапырам деп түйілмес кім?!  
Доғадай алдарыңда иілмесің!  
Жалғыз қап құм ішінде күнренген,  
Мен де бір Махамбеттің күйін кештім.

Хат жаздым, Аға өзіңе, сырымды ашып,  
Кеше көр, шықса егерде үнім жасық.  
Бөрі едім еркін жортқан ең далада,  
Иттермен жүрмін итше ырылдасып...

Хат жаздым Аға саған...

\*Әсет Аманжол

13.11.2019 жыл

# Киеге ие қалам

**Мәуен ХАМЗИН,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор

... Басталған іс айналам, тасталған іс, тасталған іс жүрек пен басты алған іс. Алаңдатып бір жақтан дала, тауым, Алаңдатып бір жақтан аспан, ғарыш. Дертпен тең сөз өнерін таңдап алған екен, ендеше, азабы болса да көруі тиіс қой. Азабы – сол киелі өнердің заңғар шыңына шықсам екен деп өзін-өзі қамшылау. Азабы – сол киелі өнерді қызғыштай қорып, дарын мен дәлдіріштің, талант пен тасырдың арасына шекара жүргізейін деп жанталасуы.

... Абзал Бөкен – талғампаз ақын. Алайда, сол кірпіз талғам ақынның адами болмысы мен өнерді жасаушы ретіндегі тұлғасын киноластыра алмас, өнер киесінің бақилық болғаны. Бұл жерде әлемдік әдебиет, поэзиядағы ғаламат жауһар туындыларды оқыған ақынның, қалай болғанда да, өз ордасына оралып, толып жатқан әдеби бағыттар мен әдеби ағымдарды қаншалықты терең сараласа да, қазақтың поэзия киесінен табатын барша рухани құндылықты сол киенің асқақ шыңынан саралап бағамдағаны шаттандырады. Бұл жерде Гете мен Гейнелі, Лермонтов пен Пушкинді, Вознесенский мен Евтушенконы, Цветаева мен Ахматованы немесе Есенин мен Высоцкийді ешкім де санаттан шығарып тастап отырған жоқ. Алайда, сол бір ғажайып мұрадан қазақтың қара өлеңі, яғни, поэзия-киесі бір мысқал да кем емес екенін, тіпті, асқақ екенін Абзал Бөкеннің сезінуі, барша болмысымен түйсінуі оны шын мәнінде ұлт ақыны деген биік лауазымға көтерді деп сеніммен айта алар едік. Жай ғана сезініп қойған жоқ, ол поэзия-киенің кешегі дәстүрдегі теңдессіз жетістігіне тамсанып, таңданып қана қоймай, өлең-өнердің аймақдай ұлы бола алды, ұлы ғана емес, құлақкесті құлына айналды. Ақынның ірілігі де сонда, кешегі ықылым замандағы баға жетпес асыл мұраның қазіргі замандағы бірден-бір сабақтастырушысына, шырақшысына айналды.

Өлемнің бірде-бір елінде түркіден бергі қазақтың жауһар туындыларындай рухани мұра аз. Өкініш пен үміт, кесек мінез бен ақсүйектік, безгек болмыс пен тектілік жырау феноменін асқақтатса, ойлы поэзия, тым қарапайымдықтан ұлылық биігіне көтерілген Абай, Мағжан, Қасымдардың асқақтығы өз ұлтының талант пен дарын әлеуетіне талпынғандығынан туған еді. Ағылшын мен орыстың, парсы мен француздың ұлы ақын-жазушысы ешқашан да қазақ әдебиетіне үлес қосып, бір тармақ өлең жазып бермейді, олар сол ағыл-

шынның, немесе орыстың, парсының немесе француздың ұлы тұлғасы болып қала бермек. Ендеше, еліктеу мен солькытаудан, табыну мен тамсанудан Абзал ақынның бойын аулақ салуы, тағдырым да, талайым да қазақтың ұлттық қара өлеңімен байланысты деп бел байлауы осынау ұлы миссиядан туындаған дегеніміз орынды. Сондықтан да болса керек, ақын:

Достар мен жыр.  
Екеуіне мен енді  
бөліп-жармай берем төрім-төбемді.  
Дос демеспін жырдан бөлген  
досымды,

Өлең демем достан бөлген өлеңді, – дейді.

Абзал Бөкен – мінезді ақын. Өлгі бір өзі таңдап алған өлең-кие жолы «енкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқаяр» кесектік, ұсақтау пенденің болмашыға маз болып, арзан қалжыңмен жанынан табылуына да ақын бойындағы дегдарлықтың өткел бермеуі – бәрі де салмақты алғышарттар жасап еді дегенді баса айтқанымыз жөн. Анадан да, мынадан да құрап мысалдар келтіріп, сол арқылы өзін асқан білімпаз етіп көрсетуге тырысатын біраз жазармандарға қарағанда, Абзал ақын өнерпаздың ұйыған ұлысы мен Тәңірінің арасындағы елдістірмек елші екендігін болмысына орнықтырған жан дер едік. ... Егер Абзал Бөкенді асқақатқымыз келсе, болмысына біткен бекзадалық, пәктік пен тектілік, дегдарлық пен рухани тазалықты баса айтар едік.

Әдебиет – адамтану өнері. Ақын-жазушы сол өнердің шынайы еңбек торысы. Адамтану кешегі құдіретті партияның үгіт-насихат бөлімі емес, ақынның, егер ол шынайы өнерді жасаушы талант болса, өлең-киесі ақыл айтып, нақыл соқпайды. Шынайы өлең рухани тазару мен жаңаруға бастайды. Кішкене сәби кезінде тікенекке емес, гүлге құмар іңкәрлігі уақыт өте келе тот басып қарая бастаса, болмысындағы сол пәк іңкәрлікті оятуға бастайды. Ал ондай қасиет ұлтын сүйген ақынның, өнер-киені әспеттеген, сол жолға түскендіктен азабы да, шығарманы да мүл өмір сынынан еш қаймықпай, жүрегі селт етпей бел байлап, тәуекел кемесіне мінген қаламгердің ғана қолынан келмек. Абзал сол санатқа жақын ақын.

...Абзал Бөкенді мақтаған жоқпыз, тек, ақиқатты өз «меніміз» арқылы беруге тырыстық. Пікірімізбен келісу не келіспеу – әркімнің өз ісі. Бірақ бір жайт анық. Абзал Бөкен – аққу арлы ақын.



# Есімде жүрген естелік

(Ақын шығармашылығы жайлы бір үзік сыр)

Қазақтың аса талантты ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты – Абзал Бөкенмен алғашқы таныстығым студент кезден басталды. 1972 жылдың 22 наурыз күні, КарГУ-де студент – жастарға арналған «Балауса» әдеби бірлестігінің кезекті отырысы өтті. Үйірме жетекшісі, ұлағаты ұстаз-ғалым Қабилекеров бүгінгі басқосу – студент ақының шығармашылығына арналатынын айтты. – Абзал ағаларың оқу озаты, өлеңдері облыстық және республикалық газеттерде жарияланып жүрген ақын. Біздің мақтаншымыз! Биыл университетті бітіреді. Енді, оның өлеңдерін тындайық! – деп сөз кезегін ақынға берді.

Абзал Бөкен алдымен бірнеше өлеңдерін оқып, сонынан қазіргі поэзия жайлы ойларын ортаға салды. Өлең жазуды мектеп қабырғасынан бастағанын, өзі киелі Ақтоғай өңірінің түлегі екенін айтып, студенттердің қойған сұрақтарына жауап берді. Кездесу кеші бір сағатқа созылды. Келесі күні бір топ өлең, кезінде өзі атын қойған, күні бүгінге дейін «Балауса» деп аталып жүрген қабырға газетінде жарық көрді. Содан бері 50 жыл өтсе де, оның «Жастық шақ» деп аталатын өлеңінің бір шумағы есімде қалыпты:

Жайдары шақ, күтіп тұр жұлде сені,  
Жұлделі іске жұмсайық күнде сені.  
Жастық та бір жалын шақ, алау кезді,  
Жанбай, бықсып өткізсең,  
кім кешеді?!

Сол жылы Абзал Бөкеннің республикалық «Жалын» журналында бір топ өлеңдері мен суреті жарық көрді. Ол кезде мұндай мүмкіндік екінің біріне бұйырма бермейтін. Уақыт өте келе ақын ағамыз тамаша таланттымен танылып, өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасты.

1975 жылдың 5 желтоқсан күні Алматы қаласында жас ақын-жазушылардың республикалық ІІІ Кеңесі өтті. Осынау алқалы жиынға Қарағанды облысынан Тортай Сәдуақасов, Абзал Бөкен, Тілеуғазы Бейсембеков және осы жолдардың авторы делегат ретінде қатысты. Үш күнге созылған басқосуда бірнеше секцияларға бөлініп, небір азулы ақындардың алдында өлеңдерімізді оқып, ақыл-кенеңтерін естідік. Соңғы күнгі жалпы жиында қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадір Мырза Әлі: – Менің тобыма болашағы зор, талантты жастар жиналыпты. Олар: Жәркен Бөлекшев, Абзал Бөкен, Жұматай Жақыпбаев. Ертең-ақ біздің қатарымызды осылар басады. Әсіресе, Абзалдың талпынысы мен ақындық ізденісі ерекше қуанып отыр! Ол өмір мен табиғат үйлесімін өлең жолдарына әдемі өрнектей біліпті:

Күз келген-ау, ызғар тартып әр түнін,  
Жас қайыңның суық сорды балтырын.  
Күз келген-ау, тонған терек бүрсеңдеп,  
Кеткен жаздың шуағына түр шөлеп, – дегенде залда отырғандар ұзақ қол шапалақтады. Арда ақынның ақ тілегін естіген



Абзал ағамыз алқалы жиыннан Ақтоғайына арқаланып, шабыттанып қайтты. Көп кешікпей ақынның «Бастау» – деп аталатын тұңғыш жинағы көпшіліктің қолына тиді. Оқырмандардан оң бағасын алған бұл кітап жайлы, кезінде

филология ғылымдарының докторы, сыншы Серік Негимов былай деді: «Өнер биігіне құлаш сермеген балауса ақын Абзал Бөкен жырлары әдемі, өрнекті тілімен, жарқын бояуларымен, образды ойымен өзгешеленеді». («Лениншіл жас», 15 апрель 1980 ж.)

Мұқағали Мақатаев айтқандай: «Поэзия дегеніміз – өмір, оқиға, күрес, сезім». Осы қасиеттерді дұрыс түсіне білген ақынның бір шоғыр өлеңдерін – «Жалғыз желкен» деп аталатын екінші кітабынан оқыдық. Автор табиғат лирикаларына да бір қыдыру қалам тартыпты. Жалпы аталмыш жыр жинақ жайлы қарымды журналист Р.Сергеков, «Орталық Қазақстан» газетінің 1987 жылғы 14 июнь күнгі санында былай деп жазды: «Ал, «Жалғыз желкенде» Абзалдың үні толыса, тораптана бастаған. Ол тақырып аясын әлдеқайда кеңейткен, әлеумет жайлы, өмір жайлы толғану босағасын аттаған. Азаматтық пафосқа бөленген шумақтары тамырын тереңге жайып, құнарлана түскен».

Иә, кезінде Лев Толстой: «Өлең мазмұнын айту обал, оны тек қана оқу керек» – деген еді. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, талантты ақын Абзал Бөкен «Өлең өнері – сөзбен құлпытанын» (Әл – Фараби) әсте ұмытқан емес. Оның қай кітабын оқысаңыз да, жүрегінен шыққан жыр-шумақтары оқырманның рухани жандүниесін ерекше күйге бөлейді. Біз бүгін ағамыздың тек алғашқы жылдардағы шығармашылығы жайлы сөз еттік. Той құтты болсын, арқаның Абыз ақыны!

**Әлі ТОЙЖІПТОВ,**  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет қайраткері, Қазақстанның  
Құрметті журналисі

*Абзал Бөкен. Қазақ шайыриятындағы үйлесім мен тереңдіктің нышанына айналған құтты есім-тек. Ақын шығармашылығы саналы адам жүрегінің түбіне бойларлық сандаған реңкке бай сиқыр ма дерсіз. Әр шумағында таңғажайып табиғатпен астасқан ізгілік, іңкәрлік, махаббат пен руханияттың тылсым тармақтары қарақок сияға айналып, тамшылаған жембақ әуен болып жетеді енді бір шақта.*

*Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, ақсәл ақын Абзал Бөкеннің мерейтойы күнінде өзгеше шенделмес өмірі мен шыңыраудан шығандарын шығармашылығына, оның лирикалық әлеміне саяхаттап қайтуды ұсынамыз, қадірлі оқырман!*

РЕДАКЦИЯДАН

### Қас қағым

Бәрі де әурешілік, әурешілік,  
Жүргенің тас қопарып, тау көшіріп.  
Өзен аз буып тастар теріс аққан,  
Кезең аз қуып тастар жауды есірік.

Әуелден алқын ғалам, жұлқын ғалам,  
Жері жоқ жел жұлқыса жыртылмаған.  
Шыңның да шылп етпейтін тас тамыры  
шым құсап тағдыр жетсе былқылдаған.

Шенберің шеті кетсе доға болар,  
Доға боп... шекесіне тоба қонар.  
Шорағай шортан болар.  
Ал, қарағай шортаның соға кетер  
қоға болар.

Түк емес тындырғаның, түнді ұрғаның,  
Тұрмыстың түзеймін деп бұлдыр халін.  
Мезгілден мың бір ақын майып болған,  
Мезгілмен ғайып болған мың бір ғалым.

Баянсыз дүние бұл, аспа күнін  
кететін тастап ұрың, тастап ұлын.  
Дәметпе мәңгіліктен.  
Мәңгілік сол – мәнді етсең саған тиген қас қағымын.

### Ой

Мен өлсем, мені қуған ойдан өлем,  
Бас ойда, болғанымен тойда денем.  
Айрандай ашқан ой ақырғанда,  
Қайрандай күй кешеді қаймақ-әлем.

Ойдамын жұмыста да, тыныста да,  
Қисыңға кигізгендей күміс таға.  
Маған ой мұзға малған мамонттың да,  
Маған ой сызда қалған құмырсқа да.

Маған ой біреулердің бай болғаны,  
Біреудің ыңыршаққа айналғаны.  
Күйім күл, қоз іздеген қайдан-дағы,  
Мийым бір мина сынды майдандағы.

Сырт сабыр, ал, іштейін аласұрам,  
Сырттаңдай қақпаңдағы жарасы қан.  
Төзімім теңгірейді.  
Теңдік таппай Адамнан өрген адам баласынан.

Кімі дос әділеттің, кімі дұшпан,  
Сан сұрақ санама кеп сығылысқан.  
Көздерім босамайды көріністен,  
Көңілім босамайды құбылыстан.

Тасынсам талабымды жасын жебеп,  
Таудың да жіберемін тасын демеп.  
Ой жоқта тұғырдағы денем мүсін,  
Ой жоқта құбырдағы басым көнек.

Мен өлсем, бойдан емес, ойдан өлем,  
Бой бүтін, бүтін болса оймақ-өлең.  
Ол сөнсе, мен де сөнем.  
Ойнамай қап, ойын мен ойнақыға қойма денем.

### Қаракөк

Қазақтың тал бойына тұнған әдеп,  
Жақсысы жылқы ұстаған кіл қаракөк.  
Заулаған қылқұйрығың сол білемін,  
Лаулаған тамырында сырғанап от.

Таба алмай тойынуға жаздай ілік,  
Тектің сол көп жусайтын, аз жайылып.  
Шайнаған ауыздығын.  
Шалық буса, аспаннан аққу менен қаз қайырып.

Су ішсе жалпап ішіп тұнығынан,  
Сұлының тоят тапқан сынығынан.  
Бегің сол, безгатың сол.  
Бел қызық, – деп жабыға қараспаған ұрығынан.

Кезде де керек емес керексіз қап,  
Егесі еркелеткен ерек сыйлап.  
Суреті сұлулықтың тағы да өзі –  
Қаз кеуде, аққу мойын, серек сирақ.

Иіліп таппаса да ұшпақ қырлан,  
Игің ол ізгілікке іе бақтырған.  
Аттың да, адамның да,  
өлеңнің де өзегін өр биікте ұстап тұрған.

Кескіндеп дала кебін, қала кебін,  
Қаламың қалт жібермей салады ебін.  
Қара өлең – қалың жылқы.  
Біз Күренбай өлеңнің іздеп өтер қаракөгің.

### Илеу

Беу, балалық!  
Білместіктің билеуі болмысыңды бұзады ғой үйдегі.

# Жұмбағы көп өмірдің түсінбеген...

**Абзал БӨКЕН,**  
ақын, Халықаралық «Алаш»  
әдеби сыйлығының лауреаты

Ойын қуып ойпаң жерде кезіккен  
әлі есімде құмырсқаның илеуі.

Қызық үшін қала алмаған аяп мен,  
Быж-тыж қылғам қолымдағы таяқпен.  
Талқандалған тал ұшымен ұлы орда  
у-шу болған ұлысымен құларда,  
жайрағандай көкпен түскен жай-оқпен.  
Неткен пәстік!  
Өзі нәзік, қосы дәу күш көрсету кішілерге осынау  
қайындай қол, бөренедей аяқпен?!

Қапияда құқай көрген аспаннан  
Құмырсқа-жұрт құты қашып сасқаннан  
ойнап кеткен оябында быжынап,  
амалымен жай оғынан жасқанған,  
жанарымен қан аралас жас тамған.  
Ал, біз деген ләззәт тауып қашқаннан  
мүсін боппыз «ерлігіне» мастанған...

О, қара жер!  
Сен де сондай илеусін,  
Өзінде емес, өзге жақта билеушің.  
Ол билеушің бір табиғат, бір құдай,  
Қолындағы «таяғымен» бұрғыдай  
бір кездегі мен құсап,  
төбенізге белгі сап;  
Бүгінгіңді тесіп кетсе қайтесің,  
Күтіміңді кесіп кетсе қайтесің?

Қадірінді білмей келсек, киелі ел,  
Кендігің ғой кем ақылдар сүйенер.  
Кешір біздей ұя бұзған бір кезде  
тентегінді теріс іске негер.  
Әлем шетсіз,  
уақыт шексіз,  
жер илеу,  
адам да бір құмырсқа ғой сүйегі ер.  
Сақта соны быж-тыж қылар таяқтан,  
Быж-тыж болу емес, әсте, би-онер.  
«Бесігінді түзе», – деген Әуезов,  
Біз де солмыз, илеуіңе ие бол.

### Осында

Оқта-текте алатын ел алғысын,  
О, әділет, әлі де сен бармысың.  
Бар болсаңыз бүгін тартқыз сазайың,  
Бұзған құдың жақсылықтың жарғысын.

Той көретін асылдардың азасын  
тәлімсідің жірмен алам мазасын.  
Суайт біткен,  
сұйық біткен,  
сұм біткен  
сиратта\* емес, осында алсын жазасын.

Осында алсын ел ырысын жеп кеткен,  
Осында алсын жебір ісін көктеткен.  
Осында алсын бесінші амал іздеген  
шыға сала төрт амалдық мектептен.

Тозақ бар, – деп тасыр мінез тосынға,  
Токтай берме молдаң айтқан жосынға.  
Кім сындырса ел сенімін,  
Дәл соның сағы сынсын, жағы сынсын осында.

Елді мынау ел етпеуге бекіген  
Еренсіздің пейілі тас, беті көн.  
Қорқауларға құдай әлі жетпейті,  
Сол себепті құдай боп жүр шетінен.

Беу, әділет бір шығатын төбе-шын,  
Мені өзін, сені тәңір жебесін.  
Зұлымдарды көрде өкіреді, – дейді жұрт,  
Көр не керек, осында өкірмегесін?!

\*Сират – қияметтің қыл көпірі.

### Тіл

Бұлақ болса, сылдырасын бұлақша,  
Бұлақ емес, булығып ол құр ақса.  
Құрақ болса, сылдырасын құрақша,  
Жарамайды қалқию құр құлақша.

Тасқын болса, арқырасын тасқынша,  
Тасқын тілі арқырау ғой асқынса.  
Қасқыр болса, ұлып берсін қасқырша,  
Қасқыр емес, итше үруге бас бұрса.

Жолбарысын жортып келген түнімен,  
Жөн айтады ыңырану үнімен.  
Ал, арыстан бола алмайтын күбір ем,  
Күркірейді көмей керген үнімен.

Таудың да өз, баудың да өз тілі бар,  
Тасың тау боп тантырса кім ұғар?!  
Шымның тілін былқылдаған шым ұғар,  
Сұмның тілін сұңқылдаған сұм ұғар.

Барақ итім қайқитатын құйрығын,  
Қонақ итім қысып оны борбайға.

Киіп алған бірі тон да, бірі ішік,  
Келімсекті алмас болды қыр-үсік.  
Инвестор-ит ыр еткенде,  
Дір етер «Күн кешкір ит» қарадайын құнысып.

Қоңсыңызға қонас үйдің билігі,  
Қандені де ит біткеннің жүйрігі.

Қашқан торғай ішінен жылғыл-үйдің  
дейтін сынды қырғиға, – құр қыдыды.  
Әлділері әлсізін майып етіп,  
Жүріп жатыр жұмысы джунглидің.

Іздемеген азығын адальынан,  
Ілбісіннің тырнақ пен табаны қан.  
Өзгермейді-ау жуықта,  
«Ан-құстарым» келе жатқан Крылов заманынан.

### Шеріну

Әлсіредім, дегенмен, әлсіредім,  
Әдемше, – десең де қанша, – іреңің,  
Асау едім, жетекке жүргіш болдым,  
Қашау едім, қажыды хал-сүреңім.

Өрелесті таппайтын өз қасынан  
өршіл басым бүгінде тез басылам.  
Сөзді асырам басымнан.  
Сөз түгілі, өңменіме қадалған көзді асырам.

Атым қалды мінетін қарғып әлгі,  
Қатын қалды, көрпемді қарғын алды.  
Шепті беріп шегінген сәттерімен  
көпті көріп көндіккен шал құралды.

Жүрген сайын болатын бәдені пәс,  
Жүдеу жанға сеп болмас кәде құлаш.  
Қартай, – дейді әдемі.  
Соны айтқанның өзі болып жүр ме екен әдемі жас?

Кешегідей шапшу жоқ, шалқаю жоқ,  
Күн өтеді қалақтай қалқаю боп.  
Жұрт та қызық.  
Көнбеске көнгенінді атайтуғын «әдемі қартаю», – деп.

### Таным

Қызық кейбір оқырман,  
Байтағында би болғанысып отырған,  
Би түсетін үй болғанысып отырған,  
«Кісі» көріп өзгелердің ішпегін,  
ісі берік өзіндегі тоқымнан.  
Көбі соның бірақ та көтеріңкі сөз құйғанмен құлаққа;  
Күмісінді айырмайтын қоқырдан,  
Ұлы шыңды айырмайтын шоқырдан  
таңқы таным.  
Топатайы мының мақтангөйлік талшығынан тоқылған.  
Сөйте тұра, қол «көргіш-ақ» шолақтан,  
Сөйте тұра, көз «көргіш-ақ» соқырдан.

Құбылысты сырты тақ та, іші жұп  
түсіне алмай тұрса-дағы «түсініп»,  
пісіре алмай тұрса-дағы «пісіріп»  
кеспелтек боп шыға келед.  
Ол құсап «құпағанның» ұма майы пішіліп.

Ол білгенді мен білмесем құлмендер,  
Білмегенін білген ғана жырды өңдер.  
Жокты бар, – деп бар болмайсың  
ешқашан,

Жокты жоқ, – деп бүгіндегі іргенді ел.  
Қыр аспайсың сен де өтірік танығыш,  
Сен де өтірік білім бізін жанығыш  
күмпиткенмен көңілінді үрген жел.  
Айттайқышы тұрасын кім тілесе,  
Білімсіден қауіпті екен мың есе;  
Ілмесе де ілген боп,  
Білмесе де білген боп,  
Мұрынына ісі бармас мұнарды  
көзбен «көріп», қолмен «құстап»  
жүргендер.

### Майда

Талмауынан өтіп кеткен мықтылар,  
Талай жылдың тобығына жұқты қар.  
Өлген дана өгей болып,  
Орнына келген бала «кемелдігін» ұқтырар.

Кісіліктен қымбат болса құлқыны,  
Қиын емес кенеп ету құлпыны.  
Өйткені, көзі жоқтың өзі жоқ,  
Өйткені, ол өлі де, бұл тірі.

Жақтайтындар жақсыларды жыры құт,  
Жарым жолдан кеткен сынды бұрылып.  
Өзін қойып, өзгелердің мерейін  
өрге қозар қайда қалды ірілік?!

Есіл-дерті болғаннан соң жейтін жер,  
Елес берді есіртіктің кейпінде ел.  
«Қауым үшін» далада қап,  
Қағынды ауым үшін, бауым үшін дейтіндер.

Әділеттің түп атасы ардан деп  
айтатынынның топысы тұр тардан кеп.  
Төтен ердің демін буып,  
Тантиды бөтен елдің құмалаған маржан деп.

Сөйте-сөйте арқан болды құлаш жіп,  
Салқам болды салым салып тыраштық.  
Кетті солай кемелдікпен бір тоқтық,  
Жетті солай төмендікпен бір аштық.

Ұбақ-шұбақ ғасырлардан шұбаған  
мұнарадан мұқыл боп тұр мұнарам.  
Кешегіден бүгін майда,  
Бүгіннен ертең майда, қайда барады бұл адам?!

Түлкі ұғады шәуілдеген түлкіні,  
(Шәуілдеткен, мүмкін, оны құлқыны).  
Кісінесе сиырың да құлжілі,  
Мөңіресе жылқы деме жылқыны.

Туған тілде сөйлей алмай қалыпты,  
Қайран қазақ налығты ғой, налығты,  
Кімдер дейміз күйі малдан жоғары,  
Тілі бірақ одан төмен халықты?!

### Майдалар мен ірілер

Кіші қалып, жататын үлкен кетіп,  
Өмір деген толмайтын бір кем-кетік.  
Динозавр жоғалды.  
Орынына шегірткенің айғырын бүлкендетіп.

Шағыр көзі шайтандай шатынаған,  
Құлтемірден бір күні қапы қалам.  
Зілдің орнын басам деп зілденетін  
піл де кетіп барады сахнадан.

Шиырында азулы арыстардың  
шіебөрі шығып тұр жарысқан күн.  
Барыс кетіп, бәсіне мысық қалар,  
Талысқа өтіп терісі арыстанның.

Тісі сойдақ, телпектей түрік ерні,  
Қар адамын біреулер тірі көрді.  
Ол да ғайып болыпты.  
Білгеннен соң оңдырасын майдалар ірілерді.

Шарасы жоқ шалдығып жұтқа бәрі,  
Шалқар теңіз шалшысқа ұртталады.  
Құланыннан, кел де өкір, қодық туып,  
Жылыныңнан, көр де тұр, құрт қалады.

Ел тонаған ел аман, жұрт тынышта,  
Егеміз, – деп қор болдық, – қыртты нұсқа.  
Халық кетсе толымын тобыр басар,  
Алып кетсе... орынын құрт-құмырсқа.

### Құйрық

*Ауыл итінің құйрығы қайқы.*  
(Мәтел)

«Жаман үйді билейді», – деп, – қонағы,  
Жұрттым қалай мықты мәтел жонады?!  
Отынымды келіншегі көршінің,  
Шоқы-қырды келімсегі тонады.

Тұтқасынан алтын аққан ыдыстың  
Айырылып қап, айдалаға ығыстым.  
Балымды алды балшысы кеп батыстың,  
Малымды алды малшысы кеп шығыстың.

Місе тұтқан жамбыны емес, жапаны,  
Менікі құр ие, – деген атағы.  
Солар жиды дудыраған долларды,  
Солар киді судыраған матаны.

Қонағына қона жатар, қонбай да,  
Қолай бермес кешегідей зор қайда?

Хал сұраса төбетіме қараймын,  
Қайқы емес, тайқы тартқан құйрығы.

### Қара көбейту

Әлекке түссе әсірешілдік,  
Әдібін үзер көркем ой.  
Өлеңің анау басы кесіліп,  
Көкпарға тартқан серкедей.

Тартыста осы жеке түлемес,  
Талайы соның жел-көбең.  
Мақсаты жұлып әкету емес,  
Жұлғанға тұру көлденең.

Шабан да емес, жүрдек те емес,  
Алдында тұсау, арты өре.  
Дубараларға дүр көкке емес,  
Дүрмекке еру мәртебе.

Содан да болар ана қағазды  
айдақтағанмен түрлі еңбек,  
Қара үзіп шыққан қаракөк аз да,  
Қара көбейтіп жүрген көп.

Жабығып қалдым сұрақтан неше,  
Жауабын айтсаң бас жарар.  
Құлагерді де құлатқан кеше,  
Қара көбейткен қасқалар.

Шәлдірік бүгін шайырма құлмек,  
Жыр қайда жалпақ жаядай.  
Жақсы мен жаманды айырмадың деп  
жабырқап кеткен Абай-ай.

Жүйрікті қайтсін дара төгілген,  
Жүрегі жырға жадаулар.  
Сен аман болшы, Қара тобырмен  
қаржасып жүрген қадаулар!

### Аллегория

Жайраң қағып жүрсем де ішінде мен,  
Жұмбағы көп өмірдің түсінбеген.  
Беті адам болғанмен,  
Әр пенденің ан-құсы бар бойға шақ мүсіндеген.  
Бірі барыс олардың, бірі арыстан,  
Құзырына қалғаны құрақ ұшқан.  
Патша арыстан болғанда, барыс уәзір,  
Зәренді алар жеткенде зілі алыстан.

Қасқыр-әкім қысқанда, қоян-халық  
ұқсамайды, әрине, ноянға анық.  
Мөрі маймақ министр бал қуалап,  
Танытпады таяуда тояр қалып.

Мықтыларды жағалап түлкі мыстан,  
Көтереді миығын күлкі қысқан.  
Жымғанда сұр жылан көзінді арбар,  
Жаралғандай іші алтын, сырты мыстан.

Сайын дала сасыса сайғақ құрып,  
Қоймағаны қорқауға ай бақтырып.  
Пілге мінді маймылдар.  
Алыптарда ақыл тапшы, – дегенге айғақ қылып.



# Жаңғырту жаңа дәуірге бастайды

Өздеріңізге мәлім, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауында жоспарланған реформаларды жүзеге асыру мемлекеттік қызметшілердің қузыретіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты екенін атап өтті. Агенттік мемлекеттік аппаратта адами капиталды дамыту бойынша «адамға бағдарлану» бағытында белсенді жұмыс істеуде. Бұл – заман талабы. Біз жұмыстың ескі және маңызды емес тәсілдерінен бас тарта отырып, әлемдік озық тәжірибелерді алып, сол бағытта бейімделеміз.

Түсінгеніміздей, қарым-қабилет мемлекеттік қызметпен байланысты емес, бірақ, мемлекеттік басқарудың дамуына ықпал ететін әртүрлі салаларда көрініс беруі мүмкін. Сондықтан, бірқатар елеулі өзгерістер мен жаңалықтар қабылданды.

Мысалы, «келісімшартпен жұмыс істейтін қызметкерлер» ұғымы енгізілді. Егер мемлекеттік органға нақты салалық мәселе бойынша тапсырма орындау қажет болса, онда ол белгілі бір мерзімге конкурссыз тиісті маманды тарта алады.

Тағы бір жаңалық – нақты сектордан үміткерлерді олардың салалық тәжірибесі мен таңдаған лауазымының функционалдығын ескере отырып, «Б» корпусының басшы лауазымдарына тікелей тағайындау мүмкіндігі. Мысалы, білім саласындағы жеке компанияның жоғары тиімділік көрсеткіштері бар маманы облыстық білім басқармасының басшысы лауазымына не бола алады. Бұл ретте, оның қабілеттері мен қузыреттерін бағалау негізінде агенттікпен келісу шешуші рөл атқарады.

Мемлекеттік грантпен білім алған ЖОО үздік түлектері үшін мемлекеттік қызметке «кедергісіз кіру» жолы ашылды. Олар аудан, ауылдардың жергілікті атқарушы органдарынан конкурстық іріктеуден өтпей-ақ еңбек жолын бастай алады.

Өзгерістер мемлекеттік қызметке тұруға қойылатын біліктілік талаптарына да әсер етті. Енді



Сурет ашық дереккөзінен

кандидаттың мемлекеттік қызметте де, квазимемлекеттік және жеке секторда да жалпы жинақталған жұмыс өтілі егер олар таңдалған лауазымның функционалды бағытына сәйкес келсе, есепке алынады.

Ал, мемлекеттік қызметке кірудегі қажетсіз кедергілерді жою үшін әлемнің кез келген жерінен азаматтарға конкурсқа қатысуға мүмкіндік беретін «e-Quzmet» жаңа цифрлық іріктеу жүйесі іске қосылды. Нәтижесінде, үміткерлер үшін түрлі бөлімдерден құжат жинап тапсыру сияқты кейбір процедураларды жеңілдетеді.

Пилоттық режимде өткен жылдан 5 мемлекеттік орган мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесінде сынақтан өтуде.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Сауда және интеграция министрлігі, Ақмола облысы мен Шымкент қаласының әкімдіктері. Биылғы ақпаннан Қарағанды облысы да пилоттық жүйеге қосылды.




Сурет ашық дереккөзінен

Сонымен қатар, биылғы жылы тағы екі жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Біріншісі – облыстық жастар кадрлық резерві. Облыстық резервке іріктеуге жасы 35-тен аспайтын, жоғары білімі және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Аймақтық резервке іріктеу: 1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау; 2) заңнаманы білуге тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау; 3) уәкілетті орган жүзеге асыратын қузыреттерді бағалау; 4) комиссияда құрылымдық сұхбат; 5) облыстық резервке қабылдауға кандидаттарды комиссия отырысында қарау сияқты кезеңдерден тұрады.

Сайланбалы лауазымдарды



## Реформа – өміршең өзгерістер

қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына өңірлік резервке алынған адамдар орналаса алады.

Екіншісі – жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері арасынан мемлекеттік қызметке лайықты болып іріктеуден өткен кадрлық резерв.

«Таланттар пулы» жобасы – облысымызда бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасының аналогы. Бұл жобаға жоғары оқу орындары мен колледждердің тәмамдаушы курс студенттері қатыса алады.

Бүгінгі таңда аталған жоба бойынша іріктеу жүріп жатыр. Құжаттарды қабылдау, эссе жазу және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының филиалында білім алу сияқты кезеңдері аяқталды. Алдағы күндері оқу кезеңін сәтті аяқтаған студенттер мемлекеттік органдарда тағалымдамадан өтуге жолданады. Келесі кезеңдерге тестілеуден өту және мемлекеттік қызметтің кадрлық резервіне жазылу кіреді.

Дарындылар пулына іріктеу жазда аяқталады, ал келесі іріктеу ағымдағы жылдың күзінде басталады.


Жоғарыда аталған барлық жаңашылдықтар мемлекеттік қызметке іріктеуді неғұрлым ашық, жеңілдетілген, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтің өзін бәсекеге қабілетті және тартымды етуге мүмкіндік береді.

**Ербол ЖОЛДАНҒАР,**  
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы**

## • ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# Қоныс аударушыға қолдау бар

Нұра ауданының Жараспай ауылдық округі қоныс аударушыларды баспана және жұмыспен қамтуға дайын. Қоныс аударушыларға көмір беріледі. Сондай-ақ, көтерме жәрдем-ақы төленіп, малын азықпен қамтамасыз етуге мүмкіндік бар.



**Аяулым СОВЕТ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Жараспай ауылдық округі Қарағандыдан – 220, Астанадан – 150 және ауданның әкімшілік орталығынан 60 шақырым жерде орналасқан. Қазіргі таңда ауылда 11 жылдық мектеп пен шағын орталық, күндізгі станция бар фельдшерлік-акушерлік пункт, Мәдениет үйі, саябақ, наубайхана, тойхана, асхана жұмысы жанданған. «Жараспай» ірі серіктестігі бар.

– Қоныс аударудағы мақсат – ауылдық округ тұрғындарының, сондай-ақ, мектеп жасындағы балалардың санын арттыру. Бұл орайда көпбалалы отбасыларға басымдық береміз. Олар мектепті сақтап, жұмыс күшімен қамтамасыз етуге көмектеседі. Ауданға математика, география, биология және химия, дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері керек. 20 мың гектар жерде бидай өсірумен айналысатын

«Жараспай» ЖШС-не агроном, механизаторлар мен инженерлер қажет. Серіктестікте барлық техника жаңа, тек жұмыс істейтін қызметкерлер қажет, – дейді ауылдық округ әкімі Жанкелді Рахымжанов.

Жалпы, Жараспай ауылында жайлы тұрмысқа қажетті жағдайдың бәрі бар. Өткен жылы 17 шақырым су құбырының құрылысы басталды. Жазда орталық сумен жабдықтауға 170-ке жуық үй мен 30 әлеуметтік нысан қосылады. Ауылда заманауи ойын алаңдары, көпфункционалды хоккей корты бар. Алдағы уақытта 100 жаңа жарықтандыру тіректерін орнатып, мектеп жанындағы аумақты асфальттау жоспарланған.

– Ауылдағы жол бойында автобустар Астанаға, Қарағандыға қатынайды. Жазда демеушілік қаражат есебінен волейбол алаңын жабдықтап, мешітті жөндейміз, – дейді ауылдық округ әкімі.

Сурет әкімдік сайтынан

## • ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ – 30 ЖЫЛ

# Кадр тұрақсыздығы жоқ

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Қазынашылық жүйесінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде қазынашылық жүйесі үлкен қалыптасу сатыларынан өтіп, қазіргі таңда ел қазынасын тиімді басқарып, экономиканың артуына және қоғамның әлеуметтік дамуына өз үлесін қосуда.

Ел егемендігінің басты көрсеткіштерінің бірі – төл теңгеміз айналымға енгізілгеннен кейін халықаралық стандарттарға сәйкес, қазынашылық жүйесін құру мәселесі көтерілді. Осыған байланысты, 1994 жылы ел Президентінің Жарлығымен қазынашылық жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынды.

Бұл шараларды іске асыру мақсатында еліміздің барлық аудандарында бір бірлікпен қазынашы лауазымы ашылып, біздің ауданда алғашқы қазынашы болып Бейбіт Жұманбаев қызмет атқарды.

Бұл қазынашылардың басты міндеттері – республикалық бюджеттің шығыс операцияларын қадағалау болатын. Ал, мемлекеттік бюджеттің қасалық орындалысын өңірлердегі Ұлттық банкінің қасалық есептеу орталықтары жүзеге асырып отырды. Осы орталықтар кейіннен Бюджет банкі деген атпен қайта ұйымдастырылып, дайындық жұмыстары атқарылғаннан кейін 1998 жылдан бастап Қазынашылық қарамағына беріліп, барлық деңгейдегі мемлекеттік бюджеттің қасалық орындалысына қызмет жасай бастады. Бюджет банкі бөлімшесінің барлық мамандары «маман – қазынашы» деген жаңа қызметке қабылданып өз міндеттерін орындауға кірісті.

Бұл жұмыстарды іске асыру – ұйымдастыру барысында бірқатар қиыншылықтар да болды. Осы кезде жүйені талапқа сай жаңа компьютерлермен, басқа да құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, оларды игеру жұмыстары қоса атқарылып жатты. Сол жылдары біздің шалғайдағы Қарқаралы ауданында электр қуатымен қамтамасыз ету төрт айға тоқтатылды. Содан жұмысты тоқтатпас

үшін қосалқы дизель-генератор қосылған аудандық телекоммуникация мекемесінде кешкі сағат 18.00-ден – 24.00 сағатқа дейін қазынашылық операцияларын жасап отырдық.

Қандай қиындықты өткерсе де, қазынашылар келешекке зор сеніммен қызмет етті. Кадр тұрақсыздығы орын алған жоқ. Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасында қазынашылық талаптарына сай жоғары білікті сол жылдары 15 жауапты қызметкерлер жұмыс жасады. Туындалған мәселелерді уақытында дұрыс шешуге Қарағанды облыстық қазынашылық басқармасының қадағалауы болды.

Айта кету керек, сол кездегі тікелей басшымыз Вера Кроотова (марқұм) бастаған облыстық басқарманың дер кезінде, дұрыс қабылдаған шараларының арқасында барлық мәселелер өз шешімдерін тауып жатты. Облыс қазынашыларын бір ұжымға біріктіріп, ортақ мүддеге жұмылдыра білген басты мамандардың көбісі бұл күндері зейнеткерлік демалыста, әлі де жастарға айтары мол құрметті азаматтар.

Сонау егемен ел болып, елдігімізді бекітіп, төл теңгемізді айналымға енгізген жылдары осы саланы игеруге күн демей түн демей атсалысқан, КСРО-ның кезіндегі мемлекеттік банк жүйесінде қызмет етіп, қазынашылық басқармасының құрылған күнінен аянбай тер төгіп, еңбек еткен Г.Мұстафина, М.Ахметова, Ж.Жантурина, А.Мұстафина, Н.Дюсембаева, Қ.Башеева, Ж.Төлеубаева қатарлы ардагер-қазынашыларымыздың қазынашылық саласының дамуына қосқан үлестері өте зор болды.



Осы үрдісті жалғастырып келе жатқан Г.Разбекова, Г.Жұмаділова, Н.Жұманбаева сияқты білікті мамандарымыздың, кейінгі толқын А.Бейсембаев, А.Қашағанова, Т.Құлжанбекова, А.Жұманбаева тәрізді жас қазынашыларға берер тәлім-тәрбиелері мол екенін де айта кетпекпе болмас.

Қазынашымыз Серік Тәуекелов қазіргі таңда Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының басшысы болып қызмет етсе, Бейбіт Жұманбаев Қарқаралы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін талай жыл басқарып, құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты. Ардақ Біләлов Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының басшысы қызметінде.

Мен Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасы басшысы лауазымын басқарма құрылған күннен бастап атқарып келемін. Талай жылғы еңбегім әріптестер арасында атаусыз да қалған емес. Қаржы министрінің, Қазынашылық комитетінің, Қарағанды облыстық қазынашылық департаментінің Құрмет грамоталарымен

марапатталдым. «Қазынашылық саласының үздігі» төсбелгісінің, «ҚР Қаржы саласының үздігі»

ның енгізілуіне байланысты 2012 жылы қаңтар айынан бастап, аудан мекемелері қаражат құжат-



тарын электрондық сандық қол арқылы тапсырады.

Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасы қазіргі таңда заманауи техникамен жабдыкталып, өз ісіне берілген қазынашы мамандармен толығымен қамтылып, «Қазынашылық-Клиент» жүйесінде мемлекеттік бюджеттің қасалық орындалысына қызмет жасауда.

2017 жылдан бастап, жергілікті өзін-өзі басқарудың төртінші деңгейіндегі бюджеті, барлық ауылдық округтерде сәтті енгізіліп, оларға қазынашылық қызметі көрсетілуде. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің стратегиялық жоспарына сәйкес, бұл жұмыстар келешекте де жалғасын тауып сәтті атқарыла беретін болады.

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің Қазынашылық комитеті Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық Департаментінің Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасы – бұл мемлекеттік қаржының атқарылуы жөніндегі жаңа жүйеде жазылғандай – Қазынашылық аумақтық басқармалары респу-

бликалық, жергілікті бюджеттерден және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардан бөлінетін қаражаттардың толық және мақсатты қолдануын бақылайтын және жүзеге асыратын бірден бір қызмет көрсету саласы болып табылады.

Яғни, республикалық және жергілікті бюджеттің қасалық орындалуын ағымдағы бақылау мен нақты жүзеге асыру жұмыстары біздің жұмыстың ең маңызды мақсаты болып табылады. Бұл дегеніміз, мемлекеттік қаржы есебінен төленетін барлық еңбек-ақылар, әлеуметтік төлемдер, салынып жатқан құрылыстар мен жолдар тағы да басқа төлемдердің уақытында, толықтай және мақсатты жұмсалуды қамтамасыз етеді деген сөз.

Жобалау-сметалық құны екі миллиардтан асатын күрделі құрылыстар «Қазынашылық сүйемелдеу» бағдарламасы арқылы қадағаланады. Яғни, құрылыс толығымен аяқталып, пайдалануға берілгенге дейін бөлінген қаржының әрбір тиыны осы жобаның жүзеге асуына жұмсалынып, басқа шығындарға жол берілмеуі қазынашылықтың назарында болады.

Осы бағдарлама бойынша ауданымызда «Жарлы – Қарқаралы» су құбыры салынып, үстіміздегі жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Тәуелсіз Отанымыздың мемлекеттік басқару жүйесінде өз орнын айқындап, жүйелі түрде қызмет жасап келе жатқан қазынашылық құрылымының 30 жылдық мерейтойымен барлық әріптестерімді құттықтаймын. Экономиканың дамуына, төл теңгеміздің тұрақтылығына орай жасаған нәтижелі қызметін келешекте де жалғастырып, көздеген мақсаттың орындала беруіне барлық қазынашыларымыз өз үлесін қосатынына сенемін.

**Мұрат ТОЙЫНБЕКОВ,**  
**Қарқаралы аудандық қазынашылық басқарма басшысы,**  
**Қаржы саласының үздігі**

Суретте басқарма ұжымы

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

## «Бал-ZERE»-нің тәтті әлемі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде кәсіпкерліктің, оның ішінде, орта және шағын бизнестің дамуына баса назар аударып келеді. Осы бағытта жылдағы халыққа арналған Жолдауларында, түрлі маңызды жиындарда жергілікті атқару органдарына тапсырмалар беріп, бақылауында ұстап отыратыны бәрімізге белгілі.

Ол қаражатқа Ресей елінің кондитерлік өнімдерді шығаруға арналған қондырғылары, жабдыктары, басқа да керекті құралдары алынды.

Білімін жетілдіру үшін Аста-

тың, қоқастың түр-түрін қосып қойыңыз.

Тұтынушылар ортасында шығарылған өнімге сұранысты табу және қалыптастыру, өнім өндіру жолымен қанағаттандыру және оларды тиімді бағамен сату болып табылатыны анық. Осы орайда Ақадыр кентінен басқа Қарағанды қаласынан ғимарат жалға алынып, өздерімен аттас «Бал-ZERE» дүкені ашылды. Ауылдан шыққан тәтті тағамдар кұнара сол жаққа жіберіліп отырады.

Тағам түрлерін үйге әкеліп беруге тапсырыс берген жағдайда тегін жеткізіп те береді. Айлардың, апталардың ішінде дайындалған тағамдардың бағасын 50 пайызға дейін жеңілдетіп, тіпті, кейде тегін беруге дейін баратын мезгілдері болады.

Ендігі кезекте осы мақсатпен ізденімпаз кәсіпкер кент ішінде сұранысқа не болып отырған асхана да ашпақшы.

Кәсіпкер Бейбіт Дулатқызы қайырымдылық шараларын ұмытпайды. Қопбалалы отбасыларға, кент жастары өткізетін мәдени, спорттық шараларға демеушілік көрсетеді.

Өмірлік жары Алмас Әуесбаев – айналмалы депода электровоз машинисінің көмекшісі. Жұмысқан қолы бос кезінде жұбайына қолғабыс жасап, кәсібіне қолдау көрсетіп, әрдайым жанынан табылып жүреді. Екеуі мектеп жасындағы екі ұл, бір қызды тәрбиелеп өсіреді.

Елімізде кәсіпкерлік пен бизнес қоғамдық өндірістің негізгі саласы болатындығына ешкімнің күмәні жоқ. Бизнеске деген қызығушылық жылдан-жылға өсіп келеді.

Қалижан БЕКҚОЖА

Шет ауданы



Аз уақыттың ішінде сауданың әдіс-тәсілдерін, тұтынушылар үшін бірінші кезектегі керекті тауарларын реттеп түгендеуді меңгерді. Бірақ, кәсібі өрлеп жатса да, бала кезіндегі «өзімнің өнімімді өндірсем» деген арманы ойынан кетпей қойды.

«Талпынған жетер мұратқа» деген қағиданы үнемі есінде ұстаған Бейбіт сол арманына осыдан үш жыл бұрын жетті. Жетті дегеніміз ол бергі жағы. Шынтуайта келгенде, кентіміздегі тәтті тағамдарды шығаратын бірден-бір өндіріс орнына айналды. «Бал-ZERE» деген атауды әпкесі Асыл ұсынған екен. Өйткені, қызының есімі Зере, ал, дайындалатын тағамдары балдан тәтті.

Әрине, қулинарлық цехты ашуға қомақты қаражат керек болды. Осы жерде көмекке оның ағасы, «Бақытбек» шаруа қожалығының басшысы Дәурен келді.

Әрине, кәсіпкерліктің ішінде, ең алдымен, өзінің жеке өндірісімен айналысатын тұлғалар құпталады деген мәлім. Ақадыр кентінде осындай кәсіпкер айналысатын «Бал-ZERE» кондитерлік цехы біраз уақыттан бері өзінің әртүрлі тәтті тағамдарын ұсынып, халықтың көңілінен шығып жүр.

Цехтың басшысы Бейбіт Қожабердина – Шет ауданы, Қызылтау ауылының тумасы.

Бейбіт кәсібі қалыптасқан, атап айтқанда, айтулы үлкен шаруа қожалығына ие отбасыдан шыққан. Әкесі Дулат Қожабердин – тек қана Шет ауданы, Ақадыр өңіріне ғана емес облыстан тыс жерлерге аты аңызға айналған еңбек майталманы. К.Мыңбаев атындағы кеңшарда жылқы өсірумен айналысты.

Жекеменшік кәсіптің қыр-сырына, ыстық-суығына қанық болып өскен Бейбіт Дулатқызы есейгенде «өзімнің кәсібімді ашсам» деп армандап өсті. Сегіз бала тәрбиелеп, «Батыр ана» атанған анасы Рымкеш Мананбайқызының жанында жүріп, дәмді ас әзірлеуде, әсіресе, шешпек, бауырсақты қуырып, наннан жасалатын басқа да тағамдарға, торт дайындауға үлкен қызығушылық танытыпты. Бірте-бірте анасы тәрзіді бесасап аспазға айналды.

Мектеп бітірген соң Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түседі. Еңбек жолын өзінің туған ауылында мұғалім болып бастайды.

Алайда, кәсіпкерлікпен айналысуға көңілі ауады да тұрады. Ең алдымен, азық-түлік сататын дүкенді жалға алу керек болды.

• ТАҒДЫР

## Әр әйел отанасы болуға хақылы

Бұған дейін түрмеде отырып, некесін қиған ер-азаматтар жайлы жиі естуге болды. Бұл – бақыт жолында ештеңеден қорықпайтын, махаббаты үшін күресуден тайсалмайтын, дауыл тұрса сынбай, қиындыққа қарсы тұра білетін әйел табиғатына тән қасиет. Себебі, өмір сүріп қана қоймай, сол өмірді өзі жалғайтын ұрпақты дүниеге әкелуі тиіс жаратылысы осындай әрекетке әкелетін болар. Әйел адамның бостандықта жүріп, жазасын өтеуімен өмірін бір арнаға тоғыстыруы – ерлікке пара-пар.

Салтанат ІПНЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірақ, керісінше де болады екен. Абай ауданы, Көксу кентінің Северное ауылында орналасқан қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №32 түзеу мекемесінде, атап айтқанда, әйелдер колониясындағы жазасын

өтеуші тұрмысқа шықты. Таңдаған адамы – бостандықта.

Аталған мекеменің тәрбие бөлімінің бастығы Диана Омарованың айтуынша, сотталушы өзі тұрмысқа шыққан адаммен бұрыннан таныс. Яғни, бостандықта жүргенде төрт жылдай аралас-құралас болған. Жазасын өтеушінің бірінші күйеуінен төрт

баласы бар.

Әлбетте, «жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды». Тағдырдың тәлкегімен темір тордың ар жағында жазасын өтеуге мәжбүр болған әйелдің дәл осындай өмірді таңдап алмағаны сөзсіз. Бірақ, сүрінгенде сүйеу болуды, қиналғанда қасынан табылуды мақсат еткен ер-азамат өзі таңдаған жан жазасын өтеп жатқанда өзінің қолдауын осылай көрсетуді білдіріп, үйленуге шешім қабылдаған. Неке кино рәсіммен кәсіпкерлікпен қатысуымен АХАТ бөлімінің қызметкері өткізді. Рәсім аяқталғаннан кейін жас жұбайларға ресми құжат, неке туралы куәлік берілді.

– Темір торда отырғанымен, бостандықта жан жары мен балаларының өзін күтіп отырғанын білу – жазасын өтеуші әйелдерге күш-қуат береді. Осы бір гана ойдың өзі олардың жіберген қателерін сезініп, түзелу жолына бет бұруға ықпал етеді. Сондықтан, сотталғандармен тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыс бөлімінің қызметкерлері олардың туыстарымен және жақындарымен әлеуметтік-пайдалы байланыс орнатуға белсенді жұмыс жүргізеді. Отбасына жылдамдықпен оралу үшін бас бостандығынан айыру орнынан шартты түрде мерзімінен бұрын босап шығу үшін барын салады, – дейді Диана Ойратқызы.

«Қазнергоцентр» ЖШС  
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи Монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, мекенжайы: Қарағанды к., Костенко к-сі, 6 ұй, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) кәсіпші өңірлерде «Қазнергоцентр» ЖШС электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтерінің шекті бағасын арттыру туралы ақпаратты қарау бойынша жария тындаулар өткізеді: Ақтоғай ауданы, Топар кенті, Қарқаралы қаласы, Балқаш қаласы, Қарағанды облысының Приозерск қаласы. Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық маңызды бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына сәйкес.

Қоғамдық тыңдаулар мына мекенжайлар бойынша өтеді:

№	Күні	Уақыты	Өтетін орны
1	13 ақпан 2024 ж.	12:00-де	Қарқаралы қаласы, В.Рей көшесі, 50 үй «Қарқаралы ауданының Жастар ресурстық орталығы»
2	14 ақпан 2024 ж.	16:00-де	Топар кенті, Қазыбек би көшесі, 5 үй «Энергетик» мәдениет үйі
3	15 ақпан 2024 ж.	12:00-де	Ақтоғай кенті, Бөкейхан көшесі, 4 Ақтоғай кенті әкімдігінің ғимараты
4	16 ақпан 2024 ж.	12:00-де	Приозерск қаласы, Космонавтов көшесі, 2 үй «Приозерск қаласының Достық «БЖШО» КМҚК
5	16 ақпан 2024 ж.	17:00-де	Балқаш қаласы, Абай көшесі, 32 М.Хамзин атындағы Мәдениет сарайы, «Рухани жаңғыру» жастар орталығы, Кіру ғимараттың оң жағынан.

Facebook әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимінде (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>)

Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7212) 41-34-20, «Қазнергоцентр» ЖШС байланыс телефоны: 8 (7212) 25 82 15.

Тыңдауға мәслихат депутаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

ТОО «Қазнергоцентр»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичные слушания по рассмотрению информации о повышении предельной цены на услуги розничной реализации электрической энергии ТОО «Казнергоцентр» в следующих регионах: Ақтоғайский район, п. Топар, г. Қарқаралы, г. Балқаш, г. Приозерск Карагандинской области.

В соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках, утвержденными приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36.

Публичные слушания состоятся по адресам:

№	Дата	Время	Место
1	13 февраля 2024 г.	12:00 часов	г. Қарқаралы, ул. В.Рей, дом 50 «Молодежный ресурсный центр Қарқаралынского района»
2	14 февраля 2024 г.	16:00 часов	п. Топар, ул. Қазыбек би, дом 5 Дом Культуры «Энергетик»
3	15 февраля 2024 г.	12:00 часов	п. Ақтоғай, ул. Бөкейхана, 4 Здание Акимата п. Ақтоғай
4	16 февраля 2024 г.	12:00 часов	г. Приозерск, ул. Космонавтов, дом 2 КГКП «ЦДЮТ «Достық» города Приозерск»
5	16 февраля 2024 г.	17:00 часов	г. Балқаш, ул. Абая 32, Дворец культуры им. М.Хамзина с торца помещения «Рухани жаңғыру» молодежный центр

А так же в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>)

Контактный телефон Департамента: 8 (7212) 41-34-20, контактный телефон ТОО «Казнергоцентр»: 8 (7212) 25-82-15.

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

## «Күй-ғұмыр» атты республикалық жазба ақындар мүшәйрасының Ережесі

Аты аңызға айналған күйші, халық композиторы Ақкыз (Мүгілсім) Ахметқызының есімін ұлықтауға арналған «Күй-ғұмыр» атты республикалық жазба ақындар мүшәйрасы жарияланды. Мүшәйра Қарағанды облыстық әкімдігінің және Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қолдауымен өтеді. Ақпараттық қолдау көрсететін «Saryrqa aqrabat» медиахолдингі.

Мүшәйраның мақсаты:

– Белгілі күйші Ақкыз Ахметқызының (Мүгілсім) адамгершілік болмысын, өрелі өнерін паш ету;

– Мәдени мұраларымызды жаңғырту, руханият әлеміндегі тұлғаларымыздың есімін дәріптеу, үлгі ету.

– Шығармашыл өнер иелеріне қолдау білдіру.

Мүшәйраның талаптары:

1) Мүшәйраға қатысушы үміткерлердің жас мөлшері шектелмейді;

2) Мүшәйраға екі өлең қабылданады;

– Ақкыз күйшіге арнау  
– Еркін тақырыптағы бір өлең

3) Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында жіберілуі қажет;

4) Жинақтарда, мерзімді басылымдарда, сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланған, басқа байқауларға ұсынылған және талапқа сай келмейтін шығармалар қабылданбайды;

5) Қазылар алқасы мүшәйраға қатысушы ақындардың өлеңдеріндегі тақырыптың толық ашылуына, шығарманың көркемдік деңгейіне мән береді.

6) Ақындардың өлеңін бағалау кезінде шығарма авторларының аты-жөні қазылар алқасына құпия сан түрінде ұсынылады.

7) Қатысушылар өз туындыларын төменде көрсетілген электронды поштаға жібереді.

Пошта: [Akkyz.2024@mail.ru](mailto:Akkyz.2024@mail.ru)  
Мүшәйраға ұсынылатын шығармалар 2024 жылғы 15 сәуірге дейін қабылданады.

Қажетті құжаттар:

– Жеке куәлігінің көшірмесі;  
– Қатысушының бір фотосы;  
– Автор жайлы әқшақаша мәлімет (туған жері, жұмыс орны, т.б.);

– Байланыс телефоны.

Мүшәйра жеңімпаздарын марапаттау

Мүшәйра қорытындысы бойынша жазба ақындарға төмендегідей жүлделі орындар тағайындалады:

Бас жүлде – 1 000 000 теңге;  
1-орын (біреу) – 700 000 теңге;  
2-орын (біреу) – 500 000 теңге;  
3-ақынға ынталандыру сыйлықтары – 100 (жүз мың теңгеден).

Мүшәйраның жеңімпазы мен жүлдегерлері арнайы дипломдармен және қомақты қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Мүшәйраның марапаттау рәсіміне қазылардың іріктеуінен өткен жүлдегерлер ғана шақырылады. Шараның өту форматы қосымша хабарланады. Ұйымдастыру комитеті мүшәйраға қатысқан авторлардың өлеңдерін БАҚ беттерінде, жинаққа жариялауға құқығы бар.

Мүшәйраның өтетін орны – Қарағанды қаласы.

2024 жылдың 17 мамыр күні сағат 15:00-де Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер сарайында жеңімпаздарды марапаттау кеші өтеді. Кеште жеңімпаз болған жүлделі ақындардың өлеңдерін оқылып, Ақкыз күйшінің күйлері орындалып, әндері шырқалады.

Мүшәйраға қатысушылардың жолақысы өз қаражаты есебінен.

Қосымша анықтамалар алу үшін мына телефон нөміріне хабарласу қажет: 8 701 799 3040, 8(701) 736-11-71.

Ұйымдастыру комитеті

ТОО «АlemGaz» уведомляет потребителей о повышении предельной цены на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ с 3 марта 2024 года в соответствии с пунктом 16 «Правил ценообразования на общественно значимых рынках», утвержденных Приказом Министерства национальной экономики РК от 01.02.2017 года №36. Увеличение тарифа связано с увеличением стоимости предельной цены сжиженного нефтяного газа, реализуемого в рамках плана поставки, сжиженного нефтяного газа на внутренний рынок Республики Казахстан вне торговых бирж на период с 1 июля 2023 года по 30 июня 2024 года в размере 40 320 тенге за тонну без учета НДС. Цена на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ за 1 кг газа составит 237,79 тенге без учета НДС.

№33

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

## «Дін және салт-дәстүр сабақтастығы – зайырлы қоғам кепілі»

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз дәстүр мен дінді қатар алып келгенін жақсы білеміз. Біз – өзіндік тамыры терең құндылықтары, қуат алар бай рухани мұрасы бар сонымен қатар әлеуметіміз бен мәдениетіміз ғана емес, сондай-ақ әдет-ғұрпымыз бен мінез-құлқымыз, халықтық болмысымыз, өмір салтымыз, тәрбиеміз де қалыптасқан халықтық. Бабаларымыздың қастер тұтып, атадан балаға аманаттап, жүрекше дарытып келген асыл қасиеттері көп. Осы ретте, біз зайырлы мемлекет ретінде қоғамнан діннің бөлінуі мүмкін еместігін және дін мен дәстүрдің баға жетпес құндылықтары бір-бірінен ажырамайтындығын жақсы білуіміз керек.

Ал, қазіргі таңдағы дәстүрлі емес дін ағымдардың көздеген мақсаты атадан балаға мұра болып келе жатқан салт-дәстүрімізді теріс мақсаттарға қолдану арқылы қоғамды салқын санамен улау болып табылады. Дәстүрлі емес дін ағымдары мазалап жүрген басты мәселе өмірлік бағыт-бағдары жаңа қалыптасып келе жатқан жастарды алдау-арбау арқылы салт-дәстүрді, отан-сүйіштілік рухты, ата-анаға, бауырға деген сүйіспеншілікті жою жолымен қатыгездікке баулуды көздейді. Дін және салт-дәстүр адамзат баласын ізгілікке, адамгершілікке бағыттап отырып, оны теріс қылықтардан сақтандырады.

Дін мен дәстүр адамдық ізгі қасиеттеріміздің, салт-дәстүріміздің – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтарды дұрыс қалыптау үшін де атқарар маңызы өте зор.

Дін мен салт-дәстүр ұғымы ұштасса, адасушылыққа жол болмайтындығы барлығымызға белгілі.

Айтулы Алибаевна КАБАКОВА,  
Осакаров ауданы ішкі саясат бөлімінің бас маманы  
Қарағанды облысы діни бірлестіктерінің клубы

№29

# Елебеков есімі берілсе...



(Соңы. Басы 1 бетте).

Иә, жалпы Қазақ еліне өнерпаздығымен, ақыл-парасатымен кең танымал Қазақстанның Халық әртісі Жүсекең қазақтың дәстүрлі әндерін домбырамен өзі сүйемделіп-әсерлеп жеткізудің асқан шебері әрі классигі болатын. Жүсіпбек Елебеков деген айбынды есім Қазақстанның бірқатар қала, селоларының көшелеріне, мектебіне берілгенімен, бұл есім ең әуелі туған жеріне қымбат. Жоғарыда айтқанымыздай, Егіндібұлақ ауданы солақай саясат салдарынан жөнсіз таратылып, мекемелері Қарқаралы ауданына қосылғанда, Елебеков мектебі де жабылып кетіп, содан қайтып ашыла алмай, көңілдерде үлкен өкініш қана қалды.

Жүсіпбек Елебеков – тұтас бір ғасырдың өнері мен өнерпазына өз көзімен куә болған, ағасы Жәкіпбекке ілесіп жүріп Қоянды жәрмеңкесінде талай болған, Қажымұқан, Балуан Шолак батырлардың, Мәдідің, Әміренің, Исаның өнерлеріне тәнті болған, Айтбайдың Ғаббасмен, өмірден ерте өткен қазақ операсының тұңғыш әншілері Мұрат Толыбаевпен, Қуан Лекероппен, Қали, Құлш, Манарбектермен қазақтың кәсіби сахнасына жастай шыққан тарихи тұлға!

Қарқаралы-Қуға (өз сөзімен айтқанда, бұрынғы Қарқаралы оязына қараған барша аудандарға) жыл аралата концерт-

пен келіп тұратын Ағатайымыз. Тәттімбет атын тұңғыш шығарған Мұқажанов Екінді керемет жаксы көрді, «мен де, сен де Қаратаудың құнарлы пұшпағы, Қудың сұлу қойнауы – Басталда туыппыз. Әкең Рахметті көргенмін, асқан домбырашы Совет ағаң білім қуаңда, Алматының Құрманғазы оркестрінде отырар ма еді!..» дейтін. Алпысыншы жылдары бір келгенінде, Егіндібұлақта атыштырм аумақта ерекше үлгідегі Мәдениет үйінің құрылысы басталғанын көріп, бәлаша қуанған еді. Күрделі құрылыс көп жыл салынып, ақыры ашылғанда, сәулетті сахнасында әй бір шырақ еді, жарықтық! Өзінің есімі берілген мектепте өнерпаз балалармен кездесу өткізетін, соңғысында «Қыз Жібек» фильмінде ойнаған жас актриса Меруерт Өтекешованы ерте келді. Соңғы келуі еді...

Энциклопедияға үңілейік: «ЕЛЕБЕКОВ Жүсіпбек (28.08.1904. Қу ауданы, Қаратау кеншары – 12.08.1977. Алматы) – әнші, Қазақстанның халық әртісі (1942). Оны әншілікке баулыған ағасы Жәкіпбек болса, кейіннен Ғ.Айтбаев, Қ.Байжанов, Ә.Қашаубаев, И.Байзақов сияқты өнерпаздар. 1920-1922 ж.ж. Семейдегі «Ес-Аймақ» драма труппасында, 1931-1935 ж.ж. Қазақ драма театрында, 1935-1966 ж.ж. Қазақ филармониясында, 1960-1977 ж.ж. «Қазақконцерт» бірлестігінде актерлік-әншілік қызметтер

атқарған. Кезінде Алматы опера-балет театрында «Айман-Шолпан» комедиясында, «Қыз Жібекте» Төлеген бейнесін сомдаған. ҮОС жылдары майданда концерттер берді. Сол сапарында ҮОС каза болып кеткен композитор Р. Елебаевтың «Жаса казак» әнін үйреніп келіп, халыққа таратты. Елебеков – Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Абай, Мәди, Ғазиз, т.б. классик үлгідегі ұлттық ән өнерін насихаттап-таратушы. Қазақ кеңес композиторларының әндерін нәшіне келтіре шырақан кісі. Оның әндері бойынша этномузыкант А. Затаевич «Сұржекей», «Ғалия», «Екі жирен», «Балқурай», т.б. көп әндерді жазып, нотаға түсірді. Гастрольдік сапармен Қытайда, Монғолияда, Мәскеуде, Үндістанда болды. 1937 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы эстрада-цирк студиясында ұстаздық етті. Студия қазір оны есімінде. XX ғасырдың 90-жылдарынан бері Қарағандыда Ж.Елебеков атындағы дәстүрлі ән орындаушылар конкурсы өтіп келеді.

Бытыр Егіндібұлақ Мәдениет үйінің қабырғасына ұлттық өнерге жемісті жылдарын арнап өткен Еркін Мұқажановқа мемориал тақта орнатылып, халық бір мағұрланып еді. Биыл осы орталық кентте өткен ғасырдың соңында ғана жаңа үлгімен тұрғызылған, бірер жыл бұрын күрделі жөндеуден соң жайнай түскен мәдени-сауық ғимаратында «Халық әртісі Жүсіпбек Елебеков атындағы Мәдениет сарайы» деген маңдайша тұрса, Қарқаралы-Қулық, мұқым облысымыздың елдігі, Еріне деген құрметі, келешек ұрпаққа берер тәрбиесінің бір өнегесі болар еді.

Әңгімені әншінің елі-жұрты болып өзіміз көтере білсек, облыстық басшылықтың бұл бастаманы жоғары органдар алдында қойып, тиісті нәтижеге қол жеткізетіндігіне сенім мол.

Бір сәт армандайықшы: Елебеков атындағы дәстүрлі ән орындаушылардың кезекті конкурсының шаңымалдығы Жүсекең туған Егіндібұлақ өңірінде, әнші ағамыз атындағы етек-жеңді ғимаратта түріліп, әнші-күйшілерді Қаздауысты Қазыбек би бабамыз елінің ежелгі қонақжай төрі шақырып жатса, қандай ғанибет!.. Ел аман, жұрт тыныш, іргеміз берік болғай!

**Назира АСҚАР,**  
облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі

• «АБАЙ-АҚИҚАТ» ГАЗЕТІНЕ – 50 ЖЫЛ

## Рухани орталық

Өзі бір күндік болса да, сөзі мың күндік газеттердің ішінен «Абай-Ақиқат» аудандық газетіне ерекше атап көрсетуге болады. Бұл басылым ақпарат таратуды бизнеске айналдырып, пайда табуды көздейтін заманауи баспа құралдарындай емес, қалыптасқан имидждік брендке не, тарихы терең басылым. Алғашқы саны 1974 жылы жарық көргеннен бастап, бүгінге дейін оқырманына адалдық танытып, аудан өмірінен хабар берген газетке бүгінде – 50 жыл.



**Салтанат ІПІЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелде «За коммунистический труд», кейіннен «Абай-Ақиқат» атауымен шығатын газет ауданның тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, аудан экономикасының дамуына үлес қосқан, халықтың тілі, құлағы, көзі бола білген газет. Алғаш шыға бастаған күнінен өзіне газет ретінде берілген миссиясын адал атқарған басылым әлі күнге дейін осы жолдан айныған емес. Әр жылдары редакторлары ауысса да, өзіндік ұстанымы, өзіндік имиджі бар байсалды басылымның бүгінгі тиражы 2 мыңға жуық. Ал, көзқарғандар кезінде төрт мыңға жуық оқырманы болғаны да айтады.

Жалпы, «Абай-Ақиқаттың» облыстың өзге өңірлеріндегі аудандық газеттерден оқ бойы оза тұруының да өзіндік себебі бар. Бұл – ҚарЛаг тарихын үнемі жариялап отыруында. Жай жариялап қана қойған емес, алғашқы дереккөз болды. Бұған ҚарЛагтың дәл осы Абай ауданында орналасуы да себеп болғаны сөзсіз. Аудан халқын ғана емес, бүтін облысты нақты әрі деректі ақпаратпен қамтамасыз еткен газеттің еңбегі, шынымен, айтарлықтай еді. Бұл туралы кезінде газетте редактор болған Жомарт Оспан «Газет редакциясы орналасқан аудан өзінің бай тарихымен ерекшеленеді. Одан бөлек, аталған аудандығы елдімекендердің барлығы бұрынғы ҚарЛагтың лагерлері орналасқан жер. Жаза мерзімі аяқталғаннан кейін де

тұтқындар дәл осы жерде тұрақтап қалған. Одан бөлек, бас штабы Абай ауданының аумағында болғандықтан кейін аудандық газетте тұтқындардың естеліктері, ҚарЛагтың тарихы жайлы материалдар көп жарияланды. Соның барлығы жақсы бір шежіре болып қалыптасты», – деп есіне алады.

2016-2021 жылдары газеттің бас редакторы болған Гүлнұр Әбеуова аласапыран жылдардан сүрінбей өткен басылым сонымен қатар, талай жас журналисттік қаламын шындап, қанаттандырған ұстахана болғанын да айтады.

– «Абай-Ақиқат» газеті әрдайым мемлекеттік саясатты насихаттап, ұлттық құндылықтар мен төл өнерді дәріптеп, ұлтжанды ұрпақ қалыптастыру жолында сүбелі еңбек атқарып келеді, – дейді ол.

«Абай-Ақиқат» газетінің бас редакторы болған белгілі журналист Ержан Иманш газет кезінде үлкен тиражбен алты беттен, аптасына үш рет шыққанын айтады. Бірақ, 90 жылдардың салқыны, әлбетте, газетті де айналып өтпеді. Дегенмен, сүрініп барып, аяғынан нық тұрған басылым бүгінде жекешелендірілген. «Абай-Ақиқат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы – Құрманғазы Өтебай. Ал, газеттің бас редакторы – Бақытгүл Есеєва.

Газет әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес. Себебі, оқырманның сұранысына сай материалдар жариялап, ұлттың жоғын жоқтап, мұның мұндап отыратын мұндай басылым қашан да сұранысқа не болмағы анық.

# Ұлағатты ұстазға құрмет



Қарағанды қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында «90 жылдыққа – 90 кездесу» атты жоба басталды.



**Жан АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба аясында Ы.Алтынсарин төсбелісінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Халықаралық «Платон» тілдерді дамыту орталығының «Ұлы дала ұстазы» медалінің иегері, Халықаралық «Ақ-желең» сайысының «Мүғалім және оқушы» номинациясының І орын иегері Ж.Төшенов жүлдесінің иегері Күлш Төлеуханқызының 75 жасқа толуына орай «Ұстаз. Өнерпаз. Тұлға» атты кездесу кеші өтті.

Кеш барысында облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын сөз алып, ұлағатты ұстаздың елге сіңген еңбегіне тоқталды. Осынау мерейтойымен құттықтап, ыстық ықыласын білдірді.

– Ұстаз деген ұлы ұғымды сонау саби кезімізден білеміз. Сол ұстаздықтың ұлағатын көрген ұстаздар қауымы бақытты. Сол бақытты жандардың бірегейі – Күлш Төле-

уханқызы. Біздің қоғамда ұстаздар әрқашан абыройлы болмақ, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Кеш мақсаты – қазақтың қайсар қызы, ардақты ана, мейірімді әже, өмірінің 50 жылын ұстаздықпен өнерге арнаған бүгінде болашақ жастар үшін тұлға айналған ұлағатты ұстаз Күлш Төлеуханқызының еңбек жолдарын насихаттап, жастарға үлгі ету.

Кездесуге «Сенімен Болашақ» ҚРБ Қарағанды облыстық филиалының басшысы Индира Жанұзаққызы, №61 мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі, Ы.Алтынсарин төсбелісінің иегері Дидар Төреғелдина, «Ақниет» ансамблінің мүшелері, Жоғары гуманитарлық колледж студенттері мен кітапхана оқырмандары қатысты.

Ұлағатты ұстаз Күлш Төлеуханқызы жөнінде замандастары естеліктерімен бөлісіп, ал, шәкірттері өлең оқыды.

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылық

Облыстағы ірі байқаулардың басым көпшілігі Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде өтеді. Бір шаңырақ астында басшы мен қызметкердің ынтымақтаса жұмыс істеуі – өңірдегі білім ордаларына көп үлгі. «Театр – киім ілгіштен басталатынын» ескерсек, гуманитарлық колледжде қазаққа тән бренд – қонақжайлық басым. Жақында өткен облыстық «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің үздік оқытушысы» байқауы – соның айғағы.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауда облыстағы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Бақытгүл Өбдікеева сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Дәстүрге айналған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің байқауы биыл колледжімізде екінші рет өтуде. Ең алдымен ұлттық құндылыққа негізделген тәрбие мен білім арқылы мемлекеттік тіл саясатын насихаттау көзделді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының жаңашыл оқыту тәжірибесін анықтап, үздік педагогикалық идеяларды таратуды ойладық. Қазақ тілін үйретудің сапасын арттырып, авторлық бағдарламаларды анықтау мақсаты көзделді, – деді Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі директорының ғылым жөніндегі орынбасары Дархан Исатаев.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің циклік әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Гүлден Мұқанова байқаудың өту барысында таратуға лайықты идеялар үшін «Q Talks» форматын таңдағанын атап өтті.

– Қазіргі таңда білім саласы мамандары арасында Q Talks (Qundyluq Talks) жобасы – өзекті. Құндылықтарға негізделген білім беру аясында басталған жобадан

мүғалімдер жинақтаған тәжірибесімен бөлісті. Жеке басынан өткен оқиғасын немесе түйген ойын ортаға салды. Осылайша өздері қызмет атқаратын білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағытында атқарылып жатқан игі бастамаларды көрсетті. Байқауда оқытушылар

білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы байқауды биыл екінші рет ұйымдастырып отыр. Өткен жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің үздік оқытушысы» аталымын Қарағанды жоғары гуманитарлық колледж оқытушы Ербұлан Мақатай жеңіп алған.



білімдерін заманауи идеялармен ұштастырды. Жас мамандардың жаңашыл идеяларына куә болдық, – деді Гүлден Мұқанова.

Байқауда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің 10 оқытушысы педагогикалық идеяларымен бөлісіп, «Үздік панорамалық сабақ» және «Үздік әдістемелік қоржын» көрсетті. Бірі ойын поэзия арқылы жеткізсе, екіншісі басынан өткен оқиғасын баяндау арқылы қоғамдағы өзекті мәселені көтерді. Айта кеткен жөн, облыстық

– Қазір кез келген оқушының таң қалдыру оңай емес. Өйткені, жастар заманауи технологияны жедел меңгерді, өмірде қолдануға бейім. Солай дегенмен, биыл жас мүғалімдерден ерекше жалын байқалды. Жаңа технологияны пайдалану арқылы өз білімдерін студенттерге ұсынып, сабақ барысында қолданатынын көрсетті, – дейді Ербұлан Мақатай.

Биылғы байқауда бас жүлдені Балқаштағы «Қазақмыс» корпорациясы техникалық кол-

леджінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Асыл Серікова жеңіп алды. Оқытушы сабақ барысында ұлттық және жалпыадамзаттық концепттердің интеллект картасын жасау арқылы көлемді ақпаратпен жұмыс істеуді үйретеді. Жобасында бала бойына құндылықтарды сіңірудің басты қағидаларын айтты. Оқытушы сондай-ақ, Qundyluq Talks форматында адамның адамгершілік қасиетін алға тарту арқылы адами құндылықтар нәтижесінде қол жеткізетін жетістіктермен бөлісті. Ұрпақ тәрбиесінде маңыздысы өн бойына түйген адамгершілік қасиеттер екенін ұқтырды.

Асыл Жанатқызының жаңа идеясын жоғары бағалаған әдіс-

керлер ізденіс пен үздіксіз шыңдалудың нәтижесі жемісті боларын атады. Байқауда Қарағанды жоғары техникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Оңғұл Таласбаева «Жаңашыл оқытушы», Саран техникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Ғалия Байтұрсынова «Әдіскер оқытушы» атанды. Ерекше ұлағатпен бойынша басқа да үздік оқытушылар марапатталды.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісулы**  
ӨБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна**  
МЯГКИХ

Бас редактор –  
**Е.К. МҮСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-1370  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VP00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 Үй.

**Электрондық пошта:** ortalyq.kz@gmail.com; ortalyq.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyq.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412  
Таралымы 5 416

№ 14 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**